Орта Азияның діни және философиялық кеңістігінде матуридилік мектебінің негізін қалаған Әбу Мансұр әл-Матуриди (Имам Матуриди) өзінің белді көзқарастарын «Китаб ат-Таухид» және «Тауилат ал-Құран» атты танымал еңбектерінде баяндаған. Оның діни қағидалар төңірегіндегі көзқарастары қамтылған «Китаб ат-Таухид» еңбегінде заманында көтерілген, тартыс тудыратын тақырыптарға сонау Әбу Ханифаның дәуірінен бері қалыптасқан ханафиттік дәстүр аясында пікір білдірді. Б.д. Х ғ. талаптарына сәйкес Әбу Ханифа ілімін жан-жақты кеңейткен, оның ілімін ақылшылдыққа негіздеген (Madelung, 2007: 123) Имам Матуриди ханафиттік дәстүрдегі теологиялық мектептің құрушысына айналды.

Исламның діни-философиялық саласына кіретін калам ілімінің өзегінде құдай ұғымы және Оған сенім тұрады. Осыған орай, сенімнің мәні мен мағынасын ұғыну құдайды танытуда маңызды болып саналады. Сенімнің калам іліміндегі аты – иман. Иман сөзі Құранда орын алғанымен, оның толыққанды анықтамасы жасалынбаған (el-Galli, 1976: 423). Осыған орай, ерте кезден-ақ иманға түрліше түсініктемелер жасалып, оның соңы иман мәселесінің ислам теологиясында бір проблема ретінде көтерілуіне түрлі жол ашылды. Ол бағыттар сунниттік мектептер деп есептелгенімен араларында идеялық айырмашылықтар да жоқ емес. Олардың басты себебін мәселелерге түрлі әдістермен, ұстанымдармен қарастыруында жатыр (Yaman, 2010: 177-194). Сонымен қатар, уақыт пен кеңістік факторларының, ұлттық танымдардың ықпалын да жоққа шығара алмаймыз.

Имам Матуриди олардың көзқарастарымен келіспейтіндігін, амалдарды орындаумен иманның артпайтынын, орындамаумен кемімейтіндігін (Ak, 2008: 74) ортаға қойды. Бірақ, Пайғамбар дүниеден озғаннан соң уахи тоқтап, уахидің аяқталуымен сандық жағынан иманның артуы мүмкін емес (en-Nesefi, 2010: 68) делінді. Замандас ойшылдардан ерекшелігі Имам Матуриди адам сезімінің Құдайды таныту жолындағы рөліне мән беріп, оларды нақты мысалдармен дәлелдеуді өзіне мақсат етеді. Ал қазақ халқының дәстүрлі діни танымы негізінен иманның сыртқы формасына емес, ішкі рухани қуат пен тазалыққа мән беретіні белгілі. Ал, рухты, рухани болмысты ішкі сезім арқылы болмаса, сыртқы сезім мүшелері арқылы танып білу мүмкін емес. «Китаб ат-Таухид»та Имам Матуриди бұл туралы ойларын былай береді: «Сезілетін әлемнің сезілмейтін үшін дәлел қалыптастыру тақырыбы жайында түрлі көзқарастар жалғасып келеді. Кейбіреулерге қарағанда, сезілетін әлем өзінің ұқсасы болған сезілмейтін әлемге дәлел бола алады. Себебі ол арғы жағында табылғанға негіз болады, ұсақ бөлшек (фари) негізден бөлек ерекшелікке ие бола алмайды. Бұған қоса, сезімдердің арғы жағын білудің жолы – сезімдер әлемін білуде жатыр. Бір заттың салыстырылуы өзімен ұқсасымен іске асады. Әлемнің мәңгілігін қабылдағандар көзқарастарын осы дәлелге таянып түсіндіреді. Осылай сезілетін әлем өз ұқсасына басшылық етеді. Сезімдердің арғы жағы да өзіне ұқсас бір әлем формасында қалыптасқан. Айрықша сезілетін әлем әр уақыттың белгілі бөлімінде өзіне ұқсас болған бұрынғы бір әлемнің болғандығын көрсетеді.

Осы механизмде бүтін әлемнің мәңгілігінің (азалилігінің) шындығы жатыр. Біреулер былай дейді: Әлемнің жаратылуы үшін қалыптасудың басталуын түсіне білетін әр заман бөлігінен тек бір сипатта болған бұрынғы заман бөлігін түсіне білуге болады. Олай болса, әлем үшін уақыт шегін белгілеу негізінен жаңылыс болады.

Бағзылары сезілетін әлемнің сезімнің арғы жағы үшін өз ұқсасына және де арадағы ерекшелікке дәлел еткенін, тек ерекшелікке дәлелінің өте ашық болғандығын айтады. Өйткені әлемдегі бір затты сезінген адам ол зат жаратылған ба немесе әуелден бар ма? – деген сұрақтарға жауап беріп, бағдарлайды. Бір нәрсенің әуелден барлығы немесе жаратылғандығы өзінің ұқсасы болмауы сияқты ұқсасы да емес. Сөз тақырыбы болған зат жаратушысы жәрдемімен немесе өздігінен пайда болғанына дәлел келтіреді. Бұлардың екеуі де оның затының тысында болған нәрсе еді. Және куәлік етілген зат оны куә еткенге, өзін дүниеге келтіргеннің даналығы немесе (қарсы болған) там терісіне, қалауы немесе табиғаты тақырыбына да басшылық жасайды. Солай бола тұра, мұның барлығы оның куәлік еткен затынан өзге басқа нәрселер болатын. Табиғаттағы бір затты сезінген адамға ол зат өзінің ұқсасының пайда болғандығы жағдайына басшылық ете алмайды. Егер басшылық ете алатын болса, өзін куә еткен әрбір адам, барлық табиғаттың өзінен өзі пайда болғандығын түсінуі керек еді. Алайда бұл мүмкін емес нәрсе. Бұдан мына нәтиже шығады: Табиғаттағы бір заттың куәлік етілуі табиғаттың ар жағында бір ұқсасының барлығын емес, біраз бұрын сөз еткен жағдайлардың бірінің барлығын көрсетеді. Тек сезілген заттың қасиетінің білінуі және бұл қасиеттің сезімнің арғы жағындағы бір болмыстан (жаратылған) да табылғанынан (туралы) хабар берілгені жағдайында мұның сезім әлеміндегінің ұқсасы болғандығы түсініледі. (Тағы да қайталап айтамын) сезілетін әлемдегі бір заттың қасиетінің білінуі сезімнің ар жағындағы ұқсасының барлығын дәлелдемейді. Тек, бұл хабар беру жолымен және бір дене мен отты тану жолы шеңберінде ұқсасының барлығын көрсету мүмкін болады» (Matüridi, 2002:79). Демек, сезім әлемі болмысты тану жолындағы құралдың бірі болғанымен, оны қолдануда осы мәселемен шұғылданушы адамдардың түрлі-түрлі бағыттарға жіктелетінін, кейбіреулері сезім құралы «әлемнің әуел бастан жаратылғанын білдіреді», – деген пікірлерін алға тартады. Бұл мәселенің қате жерлерін түсіндіру қажет. Егер де осы пікір қабылданар болса, онда «табиғат

өздігінен өсіп-өніп жалғасады», – деген түсінікке келген болар еді. Бұл пікірлердің түбегейлі қате екендігін түсіндіру сезімдік әдіс мүмкіндігін көрсетеді. Ол табиғатта көрініп тұрған заттың өзі емес, қасиетін сезіну, тану арқылы сезімнің арғы жағынан өзінің ұқсасының табылуы туралы хабар берілуін, сезім әлемінде мұның ұқсасы болғандығымен түсіндіреді (Matüridi, 2002:79). Одан ары Имам Матуриди сезілетін әлемнің сезілмейтін үшін дәлел қалыптастыру мәселесін де қозғап, бұл мәселені толығымен дәлелдеп шығады. Одан кейін сезілетін әлемнің құрамдас бөліктеріне қатысты мәселелерге тоқталады.

Жалпы қазақ халқының дәстүрлі діни танымында сезілетін әлемнің, сезімнің ар жағындағы шындықтың қазақ руханиатына ықпалы басым. Сондықтан да қазақ халқының дәстүрлі діни сенім негіздерінде материалдық құндылықтардан гөрі, көзге көрінбейтін, тек сезім арқылы танылатын құндылықтардың ролі басым екендігін көреміз. Мысалы, рух-әруаққа қатысты сенімнің берік екенін көруімізге болады. Мысалы, қазақ түсінігінде рух-жан мәңгілік категория. Адам қайтыс болған соң тәннен ажырағанымен ол ары қарай өмір сүруін басқа формада жалғастырады. Мысалы, бұл мәселе Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінде жеткілікті дәрежеде айтылады. Ол өз хикметтерінде былай дейді:

Мен «дафтари сәни» сөзін айттым жәдгер,
Әруағымнан медет тілеп, оқындар зинһар.
Дұға қылайын, уәсіл қылсын пәруәрдигер,
Рахман Ием, арыз айтқалы келдім мен де
(Ахмет Иассауи, 2010:25).

Бұл жерде Йасауидің адамның ішкі рухани болмысын ашуда, сезімдер әлемін игеруде Имам Матуридиден тереңдеп кеткенін көруімізге болады. Йасауидің айтып отырған «дафтари сани» сөзі тариқат жолы. Демек, рух пен жан туралы ғылымның алғашқы сатысы осы тариқаттан бастау алады. Қожа Ахмет Йасауидің ғылымды зерттейтін нысанасына қарай екіге бөліп қарастыратынын көреміз. Ол:

Ғылым екі-дүр, тән мен жанға басшы тұрар,
Жан ғылымы күзіретіне жақын тұрар,
Махаббаттың шарабын ішіп тұрар,
Сондай ғалым, ғалым болар достарым-ау.

Тән ғалымы залымдарға ұқсайды екен,
«Бәре әт» аятында солай бұйырған,
Тозақ ішінде тынбай дәйім күйеді екен,
Заһар заһум ішіп дайым, достарым-ау.
(Ахмет Иассауи, 2010:31).

Демек, ғылым екі түрлі: Бірі жан ғылымы; екіншісі тән ғылымы. Осы мәселені арнайы зерттеген ғалым-теолог Досай Кенжетай осы ғылым түрлеріне мынадай анықтама береді: «Бұл жердегі жан ғылымының зерттеу нысанасы – метафизикалық, рухани, мәңгілік ақиқаттар. Ясауи түсінігінде жанға азық ғылым – мағрифат немесе хикмет болып табылады. ... Ясауидің «тәнге азық» дегендегі ілімі – адамның ақылы мен сыртқы сезім мүшелері арқылы қабылданатын теориялық білім. Тән ғылымы физикалық, дүниелік, өткінші құбылыстарды зерттейді» (Кенжетай, (2008:161). Бұл қазақ халқының діни дүниетанымының негізі аса тереңде екендігін, қазіргі күні айтылып жүрген діни таным шеңберіне сыймайтынын көруімізге болады. Себебі, қазақ халқының дәстүрлі діни танымы тек шарифат шеңберінде ғана емес, тариқат шеңберінде, басқаша айтқанда, рух-жан қажеті талаптарына орай қалыптасқандығын көруімізге болады. Осыған байланысты қазақ халқында қаншама қалыптасқан әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер бар. Қазақ халқының діни танымы шарифат шеңберімен шектелген болса, қазіргі күні бізге дейін келіп жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің көбі қалыптаспаған да, бізге дейін жетпеген де болар еді.

Жалпы, бұл жерде мына мәселені айқындап кеткеніміз дұрыс сияқты. Имам Матуриди «сезімдер әлемін» талдай отырып, адамның ішкі рухани болмысына қатысты мәселелерді талдағанын көруімізге болады. Оның осы кітапты жазуының негізгі мақсаты да, Алланың хикметін, Алланың даналығын таныту болғандығы анық. Ол бүкіл әлемнің жаратылуына қатысты мәселелерге, Алланың бірлігін, барлығы мен сипаттарына жан-жақты талдау жасай отырып, О-ның хикмет сипатын ашып, дәлелдеді. Имам Матуриди сияқты Қожа Ахмет Йасауидің де мақсаты Алланың хикметін таныту болды. Бірақ Йасауиде Алланың хикметін таныту сопылық таным негіздеріне сүйенетінін көреміз. Сопылық дүниетаным туралы ғалым-теолог Д. Кенжетай мынадай тұжырым жасайды: «Сопылық дүниетаным бойынша «хикмет» дегеніміз құдайлық сырлар мен ақиқат туралы таным, болмыстардың жаратылыс мақсатының мәнін ашу, олардың арасындағы байланыстарды танудағы «құдайлық еріктің» сырын ұғу. Яғни хикмет – «ішкі көз» (басират) деп аталатын «сырға қанығу» әдісі арқылы қол жеткізетін сопылық таным» (Кенжетай, (2008:161). Бұл жерде қазақ халқының діни таным негіздерін қалыптастырған екі ұлы тұлғаның ілімдері

арасында сабақтастық пен бәсекелестік қатар өріліп жатқанын көруімізге болады.

Имам Матуриди сезімдер әлемі туралы мәселені талқылау арқылы сезім мүшелері арқылы да Жаратушының бірлігін дәлелдеуге болатындығына куә болдық. Осы мәселені жан-жақты дәлелдеу арқылы ол діннің ішкі рухани қуатын сезіне білу жолдарын көрсетіп берді: «Білім қайнар көздерінің бірі саналған ақыл Матуридиде функционалды ақыл. Соған байланысты, сөз тақырыбы болып отырған бұл ақылдың мәні ақылды қолдану мен оны пайдалану мағынасына келеді. Сол себептен, ол бойынша, ақыл пайдалы мен зиянды бір-бірінен ажыратып көрсете алатын тәсіл. Міне сол себептен, ақыл сыртқы әлемді, оның ерекшеліктері мен даналықтарын ашып көрсетуді қамтамасыз ететін басты білім қайнар көзі» (Demir, Tan, 2017:67). Адам баласының сезім әлемінің қуатын пайдалана отырып, Жаратушысы мен Оның ұлылығын, бар мақлұқаттың жаратылу себептері мен олардың өзара сабақтастығы, ол жүйедегі адам баласының рөлі мен оның рухани әлемін тану жолдарын көрсетіп, Исламның ұлылығын паш етті.

Имам Матуридидің сенім мен білім арақатынасына маңыз беруі мұсылман теологтарының кейбірі имандылықты жүректің білімі (мағрифаты) деп түсінгендігіне байланысты. Дерек-көздерде имандылықты жүректің мағрифаты деген көзқарасты ортаға тастаған Жахм бин Сафуан мен оның жолын қуушылар (Arlan, Bozkurt, 2012: 100) деп баяндалады. Сенім мен амал арақатынасы – исламның алғашқы кезеңінен бері тартыстарға арқау болып келген тақырыптардың бірі. Сенім мен амал арақатынасы мұсылман мен мұсылман бетпе-бет келген шайқастардан (Watt, 1985: 2) соң қаралды. Осы мәселеге өзінше шешім жасағандардың бірі харижилер екендігі даусыз. Харижилер үлкен күнә жасаған, діни амалдарды орындамаған адамды имансыз (Peter, 2007:120) деп бағалады. Харижилерге қайшы көзқарастағы мұржилер мүлдем басқа ұстанымда болды. Мұржилік көзқарас бойынша амалдар сенімге ешбір зардабын тигізбейді, осыған қарағанда үлкен күнә жасаған, діни парыздарды орындамаған адамды сенетіндер қатарына жатқызуға болады. Ал оның осы дүниеде істеген кемістіктері о дүниеде Құдайдың қалауына қалдырылады (Tritton, 1947: 43).

Имам Матуриди сезімдік білімді Жаратушы мен жаратылғандарды таныту жолындағы ролін жан-жақты қарастырып қоймай, бұл мәселедегі қайшылықты пікірлерге де талдау

жасайды. Имам Матуриди дінде ақыл құралын қолдануды жақтайтын Абу Ханифа жолының өкілі болғандықтан, оған ақылдың діндегі орны мен мүмкіндіктерін ашып көрсету қажеттігін айқын сезінді және ол өзінің алдына қойған мақсатын толық атқарып шықты. Мәселен, Құдай болмысын дәлелдеуде Имам Матуриди ақылға негізделген дәйектерді қолданды. Мұны ғалым Р.Ю. Рахматуллин айтып өтеді: «Кейбір құдайлық сипаттарды ақылға салып түсіндіруге түбегейлі қарсы шыққан ашарилерден айырмашылығы матуридиліктер, мәселен, Құдайдың барын ақыл көмегімен дәлелдеуге болатындығын тұжырымдайды. Мұнымен бірге, олар құдайлық әмірлерді (бес уақыт намаз, тағамға қатысты тыйымдар, және т.б.) ақылға салып талқылаудан бас тартады: оларды еш талқыламастан, уахи жолымен алынған қалып деп қабылдау керек» (Рахматуллин, 2016:138-140). Осы орайда Құрама Штаттарда жүргізілген бір зерттеу қызығушылық туындатып отыр. Қазіргі америка қоғамы, басқалары сынды, ислам шарттарын орындау маңыздылығын түсінуге ұмтылуда, мұны жаратылған ақыл иесі ретінде өз рөлін біліп, ұмытпау үшін қажет деп есептейді: «Қазіргі ауыртпалықты әлемде мұсылман емес американдықтар яхуди-христиан дәстүрі аясында ұсынылған Ислам түсінігіне сынмен қарайды. Дәл сол жерде Ислам үйретуші ретінде бейнеленеді. Алғашқы күнә туралы кез келген доктриналарды терістей отырып, Ислам адамдарды күнә арқалаушы емес екендігін түйсінеді, алайда көбіне олар Құдайдың жаратқандары арасында өз орнын ұмыт қалдыруда. Исламда күнделікті бес уақыт ғибадаттың ерекше маңызды болатындығы сондықтан» (Skerry, 2011:61-68). Біз осы сынды мәселелерді талқылауды әлемнің мәңгілігін жақтаушылардың пікірлерін талдаумен, Имам Матурийдің жүйелі жауаптарын түсіндірумен жалғастырсақ деп отырмыз.

Әлемнің мәңгілігін жақтаушылардың көзқарастары

Имам Матуриди бұл тақырыпты былай бастайды: «Қазір әлемнің бар жағдайында оның әуелден бар (қадым) болған деген пікірді қорғайтындардың көзқарастарын талдайық: Бұлай айтқандарға қарағанда, әлемдегі әрбір нәрсе басқа бір нәрседен дүниеге келуде және бұл соңы жоқ, үздіксіз жалғасуда. Бұл жүйеде қандай да бір сыртқы күш көрінбейді. Жарайды, көзқарас иелері болмысқа солай куәлік беруде. Ал, сезілетін әлем сезілмейтін әлемнің дәлелі. Бұл жағдайда сезімдеріміздің ар жағында

қалған (өткен заманға тиесілі) әлемде де осындай жүйенің болуы керек-ті. Егер сезілетін әлем сезілетін әлем жағдайына қарама-қарсы болатыны қабыл етілетін болса, кез келген адамның немесе дененің, ақылы болғанның қайшылығында бола алатыны да қабыл етілуі керек-ті. Олай болса, бұл жағдайда нәрселердің күмәнданған көзқарас пен ақылдағы іске асыру механизмінің сыртына шығу сөз тақырыбы болады. Шындығында бұл да ол нәрсенің жоқтығының дәлелін қалыптастырады. Бір нәрсенің материялық бір нәрседен болуын (және басында Алла тарапынан жаратылу суретімен) дүниеге келгендігін қабыл ету де солай осы сияқты мүмкін емес. Бірінен соң бірі келген уақыт бөліктері де тақырып үшін бір үлгі қалыптастырады. Әлемнің мәңгілігін жақтаушылар уақытқа былай түсініктеме береді: Барлығын қиялмен қалыптастырған ешбір уақыт бөлігі жоқ және ұқсасының да бұрын болғандығын түсіну мүмкін бе? Мәңгілікке дейін. Және әлемнің мәңгілігін жақтаушылар өздері жалғасы болмаған нәрселердің (ұқсастары) жолымен келешекке тура жалғасатынын (мәңгілігін) қабыл етеді» (Matüridi, 2002:80).

Имам Матуриди осылай әлемнің мәңгілігін жақтаушылардың пікірлерін бірінен соң бірін келтіре отырып, олардың қай мәселеде қателескендігіне кезегімен жауап береді. Жоғарыдағы пікірлерге қарағанда, әлемнің мәңгілігін жақтаушылар әлемде бар зат өздігінен көбейіп, осылайша үздіксіз жалғаса береді деген пікірде болғанын көрдік. Алайда, бұл түсініктің сезілетін әлемге қатысты мысалды келтіре отырып, Матурийдің қалай жауап бергеніне куә болдық. Матуриди бұдан басқа да әлемнің мәңгілігін мойындайтын бірнеше топтың көзқарастарын келтіре отырып, оларға былай деп жауап береді: «Әлемнің мәңгілігін жақтаушылардың ілгері көзқарастарының барлығы ақыл таразысына салынбаған және деммен жандандырылмаған нәрселерге қарсы шығу нүктесінде топтасады. Өйткені, әлем осылайша пайда болып, түсіндіріледі. Олардың саналары қарама-қарсы (түсініктің) болатынына мүмкіндік бермейді. Олардың өздерінен сұралу керек: «Деммен жандандырылмаған нәрселердің кері тебілуі сіздердің ақылдарыңызша, ақылға сиятын бір нәрсе ме?» Егер, бірі «иә» десе, шындығын біліп тұрып, кері қайтарғанның жағдайына түсер. Өйткені, біз де, ол да негізінде материалды болған бір нәрсенің өздігінен жандандырылмасы жағдайына қарсы болудың түсініксіздігін қабылдаймыз. Алайда, бұл жерде таласып отырған нәрсе (әлемнің жаратушы-

сы) материалды болмағандығына байланысты терістеу емес. Егер «Жоқ, тек Оны құдіреті және барлығын реттеп тұрған бір Болмыс ретіндегі түсінігіміз қабыл етілмес», десе, былай деп жауап берілер. Басқа заттардан ерекшеленіп тұратын, көрінбейтін сипаты бар бір нәрсенің мәңгілігі немесе ежелден барлығы адам түсінігі тарапынан, қай уақытта (қайсыбір шарттар ішінде) қабыл етілер? Негізінде бұл пікір иесі барлық бұл жағдайларды қабыл етеді. Мұнымен бірлікте өздерінде жандандырылмаған басқа нәрселер бар: мысалы, есту, көру жағдайы, түрлі тағамдардың қуаттар беруі арқасында есту, көру, түсіну қабілеттерімен, қол, аяқ сияқты мүшелерге тиісті қызметтердің пайда болуы. Өздері жандандырылмаған бұл шындықтарды (әлемнің жаратылмағандығын) жақтаушылардың кейбір дәлелдері ілгері жалғасып келе жатса да, жоққа шығарулары мүмкін емес» (Matüridi, 2002:82). Имам Матуридидің бұл пікірі түсінуге ауыр болғанымен шындық екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Имам Матуриди бұл мәселені бұдан ары қарай тереңдетіп, жалпы тірі организмдер өмірін жалғастыру мәселесіне тоқталып, олардың да, сыртқы әсерсіз өздігінен көбеюі мүмкін еместігін алға тартады. Ендігі кезекте осы мәселеге кезек берелік: «Әлемнің жаратылмағандығын қорғайтындарға былай делінер: «Сенің көзқарасыңа қарағанда, бір нәрсенің басқа нәрседен пайда болуы, онда жасырынған бір жағдайда болғаннан кейін, соңында дүниеге келуден басқа мағына жоқ. Бұл мүмкін емес және толығымен адам берер миуасымен бірге ағаш (сияқты) сөз тақырыбы асылда табылсын. Немесе барлық адамдар өздерін пайда қылған жауһарлармен бірлікте атаның сұлыбындағы негізгі ұрықта жасырылатын болсын және сондықтан бір жалғыз нәрседен есептелмейтін дәрежеде жыныстары болатын болсын! Рас, бұл дені сау бір адамда қиялға келмейтін және дұрыс ниетті ақыл ретінде қабылдауға болмайтын жағдайлардың бірі. Бұл шындық, көзқарас иесінің затты заттан пайда болуы туралы тұжырымды жоққа шығарады, өйткені, (материя мен рух) бар ерекшеліктерімен тек өзі ұрықтан пайда болу емес. Әлемнің жаратылмағандығын қорғайтын адамның тамақтарда (қуат халінде) табылуы ілгері жалғаса алмас. Өйткені, бір заман келер және адамның бұдан кейін өсуінің тоқтауы бір деңгейге жетер. Сол кезде тамақтардың барлығы бұрынғыдай немесе көлемін арттырып, өмір сүруіне мүмкіндік береді. Қандай тамақ түрі бар болса және олар жандыны семіртер. Басқа бірі болса, кісінің өмір

бойы оны жегендігін сезбес. Мысалы, осыны істе байқап көрсе, тұт ағашының жапырағын түрлі хайуандарға берсе де, барлығынан жібек құрты беретін жібек шықпайды. Басқа басқа нәрселер шығады. Жемісі де, басқалары да сондай. Бұл да сөз етілген әрекеттердің тағам ықпалымен болмағандығын дәлелдейді. Бұл жерде сол бар. Тамақтар жансыз. Әр нәрсені жақсы білген бір басқарушының басқаруы болмаған жағдайда қызметтің өздігінен шығуы мүмкіндік шеңберіне кірмейді. Әңгіме иесі басқарушы да бұл қызметті хикметтен ұзақ басқасынан қолға түсіре алғаны жоқ. Міне, бұл талдауларымызда ілгері жалғасып келе жатқан ойымыздың түсіндірмесі бар болатын» (Matüridi, 2002:82). Имам Матуридидің бұл жазғандарынан нені аңғаруға болады? Мына әлемнің сырт көзге көріне бермейтін құпиясы, ғұламалар арасында көнеден тартылысып келе жатқан тақырып. Әлемнің жаратылмағандығын қорғайтындардың мына дүниедегі тіршілік атаулының өздігінен көбейіп, жалғасып келе жатқандығы және бұл үдерістің ешқашан үзілместен жалғасатындығы туралы пікірлері діни танымдағы мына әлемнің жаратушы иесі барлығын, бүкіл әлем сол Иенің еркімен жаратылғандығы туралы пікірмен сай келмейді. Осы мәселенің басын ашып, Жаратушының барлығын дәлелдеу мақсатындағы Матуридидің бұл ой-пікірлері мәселені жан-жақты талдап, Жаратушының барлығын, мына әлемнің жаратылғандығы мен оның белгілі бір сыртқы күшке тәуелді екендігін көрсетуге бағытталған. Бұл жерде Имам Матуридидің өз пікірлерін дәлелдеуде ақыл мен сезімдер әлемінің мүмкіндіктерін пайдаланып отырғандығына куәміз. Құдайлық болмыс пен жаратылған болмыс хикметін тануда ақыл мүмкіндіктерін қолданған түркі текті ғалым Имам Матуриди позициясының түркі халықтары арасында кеңінен таралуы тарихи жадының көрінісі деп те бағалауға болады (Насыров, 2017:53-68).

Қазақ халқының діни танымы осы танымнан алшақ еместігін, қазақ халқы да дінді танып, білуде ақыл мен сезімге жүгінетінін Шәкәрім қажының мына өлеңіне сүйене отырып, дәлелдеп бере аламыз:

Тауық неге шақырар сағат сайын?
Дей ме екен уақыт өткенін ұқтырайын.
Кейде зарлы дауыспен ит ұлиды,
Білемісің қылып тұр нені уайым?
Гүлді көрсе, мұңлы әнмен бұлбұл сайрап,
Айтып тұр ма баянсыз өмір жайын!

Таң бозарса, аспанда құйқылжытып,
 Өнді неге салады бозторғайың?
 Ғылымдылар тексеріп көрді ме екен,
 Әлемнің қиын сырлы осындайың?
 Ақылым соның сырын тап деп отыр,
 Десем де ой жетпесті мен қумайын.
 Саламын сасқанымнан ой-жотаға,
 Қыла алмай айуан тілін тіпті пайым.
 Бос сайрап, текке ұлиды дейін десем,
 Ол дәлелсіз екені ойға дайын.
 Әрине, мұнда бір сыр болса керек, –
 Дейім де, шешу таппай алақтайым.
 Өншейін керексізді өлең қылып;
 Дегем жоқ, ермек етіп бос ойнайын.
 Бұл да бір жаратылыстың қиын сыры,
 Деп едім білгендерден сыр сұрайын.»
 Ешкі жауап бермеді бұл сөзіме,
 Өзімнің ой-жотамды енді айтайын:
 Айуанда да ақыл бар, адамдайын,
 Десен ойлап ондайдан сыр табайын.
 Көңіл көзін аштағы, ақылға сал,
 Құр құлақпен тыңдама, қалқатайым.
 Олар деп тұр – ойға алып бір құдайын,
 Зор құдіретін әлемге ұқтырайын
 (Құдайбердіұлы Ш., 2000:234).

Имам Матуридидің осылай Алланың бірлігі мен болмысын, оның жаратылмағандығын және ешнәрсеге мұхтаж еместігін дәлелдей отырып, мұсылман қоғамындағы иманның кәміл болуы үшін өзінің бар өмірін арнады. Ол былай дейді: «Біз Қадірлі де Ұлы болған Алланың эзелден болғандығын, оның бар жаратылыс туралы эзелден білгендігін, барлығына күші жеткендігін, барлық жаратылысты жасаған және жомарт болған деп білеміз. Мұның ақылмен дәлелді көрілуі мен табиғатты басқаруының саясында жүзеге асырылған формаларда болғандығын қабыл етеміз. Алла Тағала эзелден солай» (Matüridi, 2002:85). Демек, Алла Тағала бұл әлемде белгісіз ешнәрсе жоқ және болуы да мүмкін емес. Бұл мәселенің де қазақ халқының діни танымында берік орын алғанына дау жоқ. Оған мысал ретінде Абай атамыздың мына өлеңінен үзінділер келтірсек болады:

Алланың сөзі де рас, өзі де рас,
 Рас сөз ешқашан да жалған болмас.
 Көп кітап келді Алладан оның төрті.
 Алланы танытуға сөз айрылмас.

Замана шаруа мінез күнде өзгерді,
 Оларға кез-кезімен нәби келді.
 Қағида, шариғаты өзгерсе де,
 Тағриф Алла еш жерде өзгермеді.
 Күллі мақлұқ өзгерер, Алла өзгермес,

Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.
 Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен.
 Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес
 (Абай Құнанбаев, 2014:399).

Біз бұл мысалдарды келтіре отырып, қазақ халқының дәстүрлі діни танымының негіздерінің қайда екендігіне, Ислам дінінің негіздерімен қаншалықты байланысы барлығын анықтауды мақсат еткендіктен, Имам Матуриди мен қазақ ойшылдарының пікірлері мен көзқарастарын қатарластыра, салыстыра беруді жөн санадық. Бұл оқырманға қазақ мұсылмандығының негізін адаспай табуына жәрдем береді деген үміттеміз.

Имам Матуриди өз заманындағы барлық діндердегі Жаратушы туралы пікірлермен таныс болғандығын және олардың қай мәселелерде қателескендігіне де талдау жасағандығын көруімізге болады. Олардың қатарына ортағасырларда санавийа деп аталған, дүниенің екі бастаудан, екі тәңірден жаратылғандығын сенім негізі етіп алған ағымдардың көзқарастарына да талдау жасап, олардың көзқарастарындағы қателіктерге талдау жасайды (Matüridi, 2002:85-90).

Аллаға дене (жисм) түсінігінің қолданылуы

Алла Тағала атымен түрлі сипаттардың байланыстырылатыны белгілі және олардың барлығы дерлік Алла Тағаланың белгілі бір сипатын көрсетіп тұрады. Имам Матуриди де бұл мәселені өзінің назарынан тыс қалдырмайды. Алла сипаттарының ішінде ол алдымен «дене» сипатының байланыстыруына қатысты мәселеге талдау жасап, бұл «дене» түсінігінің Алла атымен байланыстырылу себептерін түсіндіреді. Ол былай дейді: «Дене сөзінің қолданылуы екі түрлі. Біріншісі, дененің сезілетін әлемдегі маңызы тақырыбында. Ол бойынша, дене дегеніміз жақтары бар, шектелген немесе үш өлшемді нәрсенің аты. Бұл мағыналарға сай келген «дене» сөзін Аллаға байланысты қолдану мүмкін емес. Өйткені, бұлар жаратылғандықтың көрсеткіштері және соңынан пайда болған құбылыстар (белгілер). Осылай сөз тақырыбы болған ерекшеліктер кейіннен пайда болғандығын білдіретінін, құрамдас бөліктерге айырылу және шекараларға ие болғанның сипатын көрсетеді. Тек мұның алдында ешбір нәрсенің О-ның ұқсасы бола алмайтынын түсіндіріп едік. Ал, «денеге» қатысты мәселелерде болса, Алланы нәрселердің көбіне ұқсату сипаты бар. Аллаға «дене» ретінде қарауға байланысты айтылған мағыналарды ескермесек, бұл жағдайда сөз белгілі деңгейден шығар және бұл мәселені ақыл мен дәлел жолы-

мен түсіну мүмкіндігі жойылады. Негізінде бұл мәселе үшін қажет нәрсе – «дененің» Алланың есімдерінен екендігін білдіретін настардың табылуы еді. Тек О-дан да, сөзден де емес, нас қабыл етуге рұқсат берген бірінен солай бір нақыл келіпті. Бұл жағдайда бұл сөзді Аллаға тиісті деу дұрыс емес. Егер бұл сезімге, нақылға немесе ақылға таянған бір дәлел болмай, жасанды бір тәсілмен дұрыс деп қабыл етілетін болса, Аллаға «адам денесі» немесе «адам» сөздерін де байланыстыру мүмкін болған болар еді. Алайда, бұлардың барлығы наспен қабыл етілмеген болатын және жаратылғандардың аттарын О-ған қосу күн тәртібіне қойылған болар еді. Бұл жаңылыс нәрсе.

«Дене» сөзінің екінші қолданылуы болса, бір нәрсенің барлығын түсіндірместен, басқалай бір білінген мәнінің формасында болады. Бұл жағдайда басқасының да қабылдануы ықтималдығы болмағанда, Аллаға қатысты қолданылуы мүмкін болар еді. «Дененің» сипаттама есім деп қабыл еткен ешбір адам жоқ. Себебі дәлел түсінігі ішіне кіргенде белгі мен сипаттар дене деп аталмайды. Бұл себептен мұндай қолданыс қабылдауға лайықты емес. Аллаға қатысты қолданылған «жасаушы» немесе «ғалым» және осыған ұқсас бір есіммен бізге қатысты қолданар болса, былай делінеді: Мұның екі жауабы бар. Біріншісі мағынасын түсінбесек те, осындай есіммен Алланы атасақ дұрыс болар еді. Өйткені, наста бар, алайда, «дене» туралы нас жоқ. Бұл себептен жағдайлары басқаша қаралады. Екіншісі болса, «жасаушы» және «ғалым» сөздерінің мағыналары сезілетін әлемде білініп, бұнда жаратылғандарға дәлел боларлық тұжырым жоқ. Иә, «жасаушы» мен «ғалым»ның мағыналары ішінде жаратылғанның дәлелі табылмайды, сол себептен Алланың бұлардың әрбірімен сипатталуы мүмкін. Сондықтан, ұқсату, яғни жаратылғандарға ұқсату ойда тұрмаса, бұл сөздерді Аллаға қатысты қарау (нас бойынша) қажет болады.

Аллаға «жасаушы» деп есім берілгендігіне қарағанда, неліктен О-ның дене болғандығына шешім бермедің? – деп айтылса, мәселен, «құдірет иесі» және «ғалым» да сол сияқты, сезілетін әлемде бұлармен аталғанның барлығы дене болады ғой. Бұған мына жауап беріледі: Сезілетін әлемде әлдебіреудің бұлайша аталуының себебі, оның дене болып табылуында емес, өйткені, дене болып та, осы ұғымдармен аталмаған заттар да бар. Бұл себептен, алдағы нәтижеге бару қажет емес. Мынаны еске салайық, Алланың белгілі түсініктермен есімдендірілуінің негізгі

тіректерін ортаға шығарған нақыл мен ақылдың тәсілдері екендігін мұның алдында анықтап көрсеткен болатынбыз. Бұларға қарсылардың пікірлерінің жалғасуына біз балама бола алмаймыз. Егер сондай бір қарсылықтар болатын болса, бір басқасының да «дене, адам» және осыған ұқсас сөздерді қолданып, сынаржақ пікірмен қарсымызға шығуы мүмкін балар еді. Мұнау да бар, сезілетін әлемде «дене» түсінігі белгі, қозғалыс, әрекет және тыныштық сынды элементтерге (жуз, бааз) және бөліктерге айырылу сипаттары жоқ нәрселер үшін қолданылмайды. Демек, «дене» ұзындық және кеңістік сияқты көлем элементтеріне ие болған және айрықша түрлі бөліктерден құралған заттың атауы. Егер Алла туралы О-ның белгілі бөліктерден тұратындығы туралы жорамалдағын болсақ, тіпті және де О-ған байланыстырылатын бөліктер түсінігінің ашықтығы қандайда бір қозғалысқа дәлел бола алмас еді. Егер біздің шешіміміз жаңылыс болса, әуелде өздігінен бар болған нәрсені бір өтпелі нәрсеге теңеп, сөз ету жаңылыс болар (ондай түрлі заттардан құралған нәрсе әуелден және өздігінен пайда болмас). Егер жағдай жорамалданғандай болса, Оған қатысты ұзындық, дене, түр, дәм және ұқсас нәрселердің қолдану мүмкіндік шеңберіне кірер еді, себебі сезілетін әлемдегі құралған заттарда бұлар бар. Біздің бұл айтқандарымыз түрлі элементтерден құралған «құрама» түсінігі мазмұнында болмаса да, тіпті болмауы мүмкін емес деп қаралса да, бұлардың Алланың сипаты болуы мүмкін емес, бұл жағдайда дене түсінігінің жағдайы да осындай» (Matüridi, 2002:90-92). Біз бұл жерде Имам Матуридидің «дене» түсінігі туралы пікірін толығымен беріп отырмыз. Өйткені, бұл мәселе күні бүгін де өзінің өзектілігін жоймай отыр. Алла Тағаланы «пәлен қат аспанда екен, арышта, тақта отырады екен» деген түсінік әлі күнге жалғасып келеді және қаншама адамды иманынан адастыруда. Бұл мәселе қазақтың дәстүрлі діни танымына да қайшы екендігін түсінуіміз керек. Ол үшін мына мысалдарға назар салып көрелік. Абай атамыз өзінің «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Берген бе саған Тәңрім саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бірақ-ақ уыс.
Шарықтап, шартарапқа көңіл сорлы,
Таппаған бір тиянақ неткен қуыс.

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңрі,
Өзіне құмар қылған оның әмрі.

Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі дәһрі.

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір Тәңріні болдырады.
Талып, ұйықтап, көзіңді ашысымен,
Талпынып, тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шәк-шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән,
Түп Иесін көксемей болама екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойлаймын,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?
(Абай Ибраһим Құнанбайұлы, 2005:160).

Абай атамыздың бұл өлеңі Алла Тағалаға «дене» атауының берілуінің қате екендігін айқын көрсетіп тұр. Бұл өлеңде келтірілген ақынның Жаратушы құдірет туралы ойларымен бірге О-ның мекенсіздігі туралы мәселе қоса айтылып тұр. Демек, Ол уақыттан да, мекеннен де тәуелсіз. Еш нәрсеге мұхтаж емес. Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ал, бұл Жаратушы туралы қазақ иманының түп қазығы.

Аллаға нәрсе түсінігінің байланыстырылуы

Имам Матуриди «дене» түсінігіне қатысты мәселені толық талдап, бұл түсінікті Алла атымен байланыстыруға болмайтынын көрсеткеннен кейін, «Аллаға нәрсе түсінігінің байланыстырылуы» туралы мәселеге тоқталып, оған да талдау жасап, түсінік береді. Ендігі кезекте сол мәселеге кезек берелік. Имам Матуриди былай дейді:

«Алла туралы «басқа нәрселерге ұқсамайтын нәрсе» деген жағдайымызда «денелерге ұқсамайтын дене» деп неге айтпадыңыз?, – делінсе, мынадай жауап беріледі: «Нәрсе» деуімізді қажет еткен себеп «денеде» табылмағандықтан, бұлай демедік. Алдымыздағы бүлікші бізді Алла туралы, О-ны «дене» деп атауға мәжбүр етуге күш салуды жалғастырып жүрсе, О-ны нәрсе деуімізден бізге кінә арту үшін қолдана алар. Айтылғандай, көпшілік пікірінше, бұлар дене деп атауды қажет етпейтін белгілер мен сипаттар, бұған кедергі жасамақ болғандарды көрдік. Бүлікші, егер «нәрселерге ұқсамаған» сөзімізбен бізді қорқытпақ болса, бірден айарымыз, бұл сөз бір дәлелдің көрінуі емес, негіз болған маңызға (негізге) басшылық етсін. Бұндай бүліктің еш логикалық жөні жоқ. Осындай бір көзқарасты ұсынған адам мына сөзді айтқанға ұқсайды: Егер Алланы «басқа нәрселерге ұқсамайтын нәрсе» десе дұрыс, ал, неліктен «басқа адамдарға

ұқсамайтын адам» болуын дұрыс көрмейсің? Берілегін жауап былайша құрылуы тиіс: Алла «денеге ұқсамаған дене» болса, «дене» емес деп аталсын. Бұл бір бүлікші пікірге қарсы пікірдің берілуі емес, дұшпандық сезімдерімен әрекет етуден тұратын мәселе. Солай бір қарсымызға шығып, «Соны істесеңіз мұны неге істемейсіз? – дейтіндей, біз Тәңрі үшін дәлел ойлап табу қақына ие емеспіз. Есесіне Алла төмен жағдайда қарастырылудан ада. Ол өз кеңістігінде қандай болса, солай сипатталуы керек. Бұған білдірілген қарсы пікір соңғы талдауда қайшылыққа түседі. Өйткені, бүлікші былай дейді: Егер «басқа нәрселерге ұқсамайтын нәрсе» дедіңіз, олай болса неге «денелерге ұқсамаған дене» демедіңіз? Біз «дене» дегенімізде «басқа нәрселерге ұқсамаған нәрсе» тәрізді сөзіміз бұдан кейін «кейбір нәрселерге ұқсамаған нәрсе» формасына айналар. Себебі, дене нәрселердің (көлемді болған және болмаған) екі түрінен бірін қалыптастырар. Бұл түсінік шеңберінде де денелерге ұқсамаған дене» шешімі бұзылады.

Біздің «Басқа нәрселерге ұқсамаған нәрсе» тәрізіндегі сөзіміздің мағынасы нәрселерге тиесілі мәнді (табиғатты) Алладан шығарудан тұрады. Заттардың негізі болса, екі түрлі: Денеден тұратын материя және араздан (белгі) тұратын сипат. Біздің бұл сөзімізбен айтпақ болғанымыз, материаның денелерден (айн) тұратындығы және сипаттардың араздан тұратындығы, ал бұларды құдайлық негізден шығару қажетті жағдайға келер. Айналардың (материя) денелік мәнін алшақтатсақ, осы мағынаға берілген атауды жойған боламыз. Дәл осылайша Аллаға сипат қосып, сипаттан шығарылғанымыз сынды күмәнді алшақтатсақ, ұқсатуды жоя аламыз.

Жалпы Имам Матуридидің бай мұрасын тануымыз қажет. Бұл, әсіресе, дінді түсініп, мұсылмандар арасындағы туындаған мәселелерді оңтайлы шешу үшін керек. «Ол өзінің «нақыл» мен «ақылға» негізделген ілімі мен дәйекті ғылыми тұжырымдары арқылы өз дәуірінде пайда болған көптеген діни мәселелердің оң шешімін таба білді. Нәтижеде, оның ілімі негізінде өз атымен аталатын өзіндік ғылыми-әдістемесі бар сунниттік кәләм/сенім мектебі қалыптасты. Бұл мектеп «ханафиматуриди» деген атпен әу баста Мауараннахр және Хорасаннан бастау алып, кейін Орта Азияның өзге аймақтарына, Ресей, Кавказ, Шығыс Түркістан, Қытай, Түркия, Үдістан, Пәкістан және өзге де мұсылман елдеріне дейін кеңінен тарап, бүгінгі таңда әлем мұсылмандарының тең жа-

рымынан астамын қамтитын үлкен мектепке айналды» (Akimkhanov, Frolov, Adilbaeva, Yerzhan, 2016:165-176). Қазіргі таңда да рухани жаңғыру аясында қазақ ойшылдарының рухани мұрасымен сабақтастықты анықтау үшін Имам Матуридидің ілімін жан-жақты зерттеу қажет деген тұжырымдамыз.

Қорытынды

Жалпы, Имам Матуриди Алланың бірлігі мен барлығына қатысты түйіндеген ой-тұжырымдарын тек нақылға ғана сүйенбей, ақылға да сүйене отырып, Алланың болмысы мен бірлігін тануға қатысты дәлелдерін сан қы-

рынан қарастырған. Имам Матуридидің тұжырымдарының барлығы дерлік қазақ ойшылдарының шығармаларынан көрініс тауып, халық арасына сол шығармалар арқылы таралып отырды. Бұл ойшылдың тұшымды тұжырымдары қазақ халқының діни таным негіздерін қалыптастыруда шешуші роль атқарды десек артық айтқандық болмайды. Бұл қазақ халқының діни танымдық негіздерінің Имам Матуриди ілімінде жатқандығын көрсетеді.

Мақала ҚР БжҒМ тарапынан гранттық қаржыландырылған ғылыми жобаны іске асыру барысында орындалғаны үшін ҚР БжҒМ-ға алғыс айтамыз.

Әдебиеттер

- Абай Құнанбаев. (2014). Өлеңдері. – Анкара. 399 б.
- Абай Ибрахим Құнанбайұлы. (2005). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. 160 б.
- Ахмет Иассауи. (2010). Диуани Хикмет. – Түркістан. ХҚТУ, Түркология ҒЗИ. 31 б.
- Akimkhanov A.B., Frolov A.A., Adilbaeva Sh.A., Yerzhan K. (2016). Principles of Abu Mansur al-Maturidi, Central Asian Islamic theologian preoccupied with the question of the relation between the Iman/credo and the action in Islam // European Journal of Science and Theology, December, Vol.12, No. 6, p. 165-176.
- Arlan H., Bozkurt M. (2012). Sistematik Kelam. Malatya. 443 s.
- Ak A. (2008). Buyuk Turk alimi Maturidi ve Maturidilik. – Istanbul. p.125.
- Demir H., Tan M. (2017). Ehl-I Sunnetin Reislerinden Imam-ı Matüridi. – Ankara. AyYayınları, s. 136.
- el-Galli A.M. (1976). The place of reason in the theology of al-Maturidi and al-Ash'ari, Thesis presented to the University of Edinburgh for the Degree of en-Nesefi E. Bahrü'l-Kelam, ter. Biçer R. – İstanbul: Gelenek yayıncılık, 2010. – 150 s.
- Кенжетай Д. (2008). Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс баспасы, 161 б.
- Құдайбердіұлы Ш. (2000). Иманым. – Алматы. Арыс. 320 б.
- Madelung W., (2007). The spread of the first Mürcie and Hanafi in Horasan and Maverannahr – transl. by Kutlu S. – Imam Maturidi and Maturidilik – Ankara.
- Matüridi E.M. (2002). çev. Topaloğlu B. Kitabut-Tevhid Tercümesi. – Ankara, p.532.
- Насыров И.Р. (2017). Доказательства существования Бога в исламской теологии (калам) // Вестник ПСТГУ. Серия I: Богословие. Философия. Религиоведение, Выпуск 3., с.53-68.
- Nesefi E. Bahrü'l-Kelam, ter. Biçer R. – İstanbul: Gelenek yayıncılık, 2010. 150 s.
- Рахматуллин Р.Ю. (2016). Калам как рационалистическая философия // Научный альманах, № 4-4 (18). с. 138-140.
- Peter S. Groff (2007). Islamic Philosophy. Edinburgh, p. 237.
- Skerry P. (2011). American Culture and Muslim World // Symposium: The Future of Social Conservatism, Soc.49. p. 61-68.
- Tritton A.S. (1947). Muslim theology. – London, p. 218.
- Watt W.M. (1985). Islamic Philosophy and Theology. Edinburgh. p.174.
- Yaman H. Small Theological Differences, Profound Philosophical Implications: Notes on Some of the Chief Differences between the Ash'arīs and Mātūrīdīs // Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, 51:1, 2010. – 177-194.

References

- Abai Kunanbaev. (2005). Olenderi [Poems]. Ankara. 399 b.
- Abai Ibrakhim Kunanbaiuly. (2005). Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy [Complete collection of two volumes]. Almaty, Zhazushy. 160 b.
- Akhmet Yassau. (2010). Diuani Khikmet [Divani Hikmet]. Turkistan. KhRTU, Turkologiya GZI. 31 b.
- Akimkhanov A.B., Frolov A.A., Adilbaeva Sh.A., Yerzhan K. (2016). Principles of Abu Mansur al-Maturidi, Central Asian Islamic theologian preoccupied with the question of the relation between the Iman/credo and the action in Islam // European Journal of Science and Theology, December, Vol.12, No. 6, p. 165-176.
- Arlan H., Bozkurt M. (2012). Sistematik Kelam [Sistematik theology]. Malatya. 443 s.
- Ak A. (2008). Buyuk Turk alimi Maturidi ve Maturidilik [Great Turkish mastermind Maturidi and Maturidilik]. Istanbul. p.125.

- Demir H., Tan M. (2017). Ehl-i Sunnetin Reislerinden Imam-i Maturidi [Imam-i Maturidi from the Chairman of Ehl-i Sunnet]. Ankara. AyYayinlari, .s. 136.
- el-Galli A.M. (1976). The place of reason in the theology of al-Maturidi and al-Ash'ari, Thesis presented to the University of Edinburgh for the Degree of en-Nesefi E. Bahrü'l-Kelam, ter. Biçer R., – İstanbul: Gelenek yayıncılık, 2010. – 150 s.
- Kenzhetai D. (2008). Kozha Akhmet Yasaui dunietyanymy [The outlook of Hodja Akhmet Yassawi]. Almaty. Arys baspasy, 161 b.
- Kudaiberdyuly Sh. (2000). Imanym [I believe]. Almaty. Arys., 320 b.
- Madelung W., (2007). The spread of the first Mürcie and Hanafi in Horasan and Maverannahr – transl. by Kutlu S. – Imam Maturidi and Maturidilik – Ankara.
- Maturidi E.M. (2002). cev. Topaloglu B. Kitabut-Tevhid Tercumesi [Kitabut-Tawhid Translation]. Ankara, p.532.
- Nasyrov I.R. (2017). Dokazatel'stva sushchestvovaniya Boga v islamskoi teologii (kalam) [Evidence of the existence of God in Islamic theology (kalam)] // Vestnik PSTGU. Seriya I: Bogoslovie. Filosofiya. Religiovedenie, Vypusk 3., s.53-68.
- Rakhmatullin R.Yu. (2016). Kalam kak ratsionalisticheskaya filosofiya [Kalam as a rationalistic philosophy] // Nauchnyi al'manakh, № 4-4 (18). s.138-140.
- Peter S. Groff (2007). Islamic Philosophy. Edinburgh, p. 237.
- Skerry P. (2011). American Culture and Muslim World // Symposium: The Future of Social Conservatism, Soc.49. r.61-68.
- Tritton A.S. (1947). Muslim theology. London, p. 218.
- Watt W.M. (1985). Islamic Philosophy and Theology. Edinburg. p.174.
- Yaman H. Small Theological Differences, Profound Philosophical Implications: Notes on Some of the Chief Differences between the Ash'arīs and Māturīdīs// Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, 51:1, 2010. – 177-194.

Рамазанова А.Х.¹, Құдайбергенова Н.Ж.², Әбдуали Н.К.³

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: alia.ramazanova@mail.ru

²PhD доктор, аға оқытушы, e-mail: nazgul.zhanysova@gmail.com

³1 курс магистранты

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуы мәселесінің адам өміріндегі алатын орнына талдау жасалды, әртүрлі ғылыми тұжырымдар мен теориялар сараланып, соның негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының концептуалдық, әлеуметтік-философиялық мәні айшықталды. Тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуының қазіргі теориялық-әдіснамалық ұстындары мен тұжырымдарын бағамдау арқылы оның әлеуметтік, философиялық, рухани-адамгершілік, ділдік қырлары сараланып, қоғамдық гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсында болсын маңыздылығы жан-жақты айқындалды. Сонымен қатар, тұлға ретінде адамды әлеуметтік тіршілік иесі деп сипаттай отырып, осы ұғымның аясында тұлғаның әлеуметтенулік қасиеттері қарастырылады. Тұлғаның әлеуметтену процесі адамдардың қарым-қатынасқа түсуімен және бірлесіп әрекет етуімен тығыз байланысты. Әлеуметтену және тұлғаның қалыптасу процестері арнайы әлеуметтік институттар шебінде, мысалы, мектепте және түрлі формалды емес бірлестіктерде жүзеге асырылады. Адам әлеуметтену процесінде әлеуметтік нормаларды меңгеріп, әлеуметтік рөлдер, қоғамдық мінез дағдыларын пайдаланудың тәсілдерін үйренеді. Осы тұрғыда тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуының маңыздылығын айқындау және зерделеуге автор басымдық береді.

Түйін сөздер: тұлға, әлеуметтік бейімделу, қоғам, мәдениет, өзін-өзі анықтау.

Ramazanova A.Kh.¹, Kudaibergenova N.Zh.², Abduali N.K.³

¹candidate of philosophical Sciences, associate Professor, e-mail: alia.ramazanova@mail.ru

²PhD doctor, senior lecturer, e-mail: nazgul.zhanysova@gmail.com

³master student of 1 course

al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

The role of socialization in personality development

On the basis of the analysis of various scientific concepts and theories the article defines social, philosophical essence and conceptual bases of socialization and development of human personality. The study of modern theoretical and methodological approaches to the phenomenon of socialization and development of the individual allows to show its social, philosophical, spiritual, moral, mental aspects, as well as the importance in all areas of social and humanitarian research. And also, characterizing the personality as a social entity the features of socialization of the personality are considered. In complexity of social life actualizarea problem include human social integrity, social structure of society. The basic concept that describes this kind of inclusion is «socialization», which allows a person to become a member of society. Under socialization refers to the process of entering the individual into society, which creates changes in the social structure of society and in the structure of the individual. Therefore, the role of socialization and human personality development is analyzed.

Key words: personality, socialization, society, culture, self-determination.

Рамазанова А.Х.¹, Құдайбергенова Н.Ж.², Әбдуали Н.К.³

¹кандидат философских наук, доцент, e-mail: alia.ramazanova@mail.ru

²PhD доктор, ст. преподаватель, e-mail: nazgul.zhanysova@gmail.com

³магистрант 1 курса

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Роль социализации в развитии личности

В статье на основе анализа различных научных концепций и теорий определяется социальная, философская сущность и концептуальные основания социализации и развития личности человека. Изучение современных теоретико-методологических подходов к феномену социализации и развития личности позволяет показать ее социальные, философские, духовно-нравственные, ментальные аспекты, а также важность во всех направлениях социально-гуманитарных исследований. А также, характеризуя личность как общественную сущность, рассматриваются особенности социализации личности. В условиях усложнения социальной жизни актуализируется проблема включения человека в социальную целостность, в социальную структуру общества. Основным понятием, которое описывает такого рода включения, является «социализация», позволяющая человеку стать членом общества. Под социализацией понимается процесс вхождения индивида в социум, что порождает изменения в социальной структуре общества и в структуре личности. Поэтому анализируется роль социализации и развития личности человека.

Ключевые слова: личность, социализация, общество, культура, самоопределение.

Кіріспе

Адам тұлға болып туылмайды, ал қалыпта-сады деген көзқараспен қазіргі ғалымдардың көбісі келісуде. Бірақ тұлғаның дамуы қандай заңдарға бағынатыны жөніндегі көзқарастар сан алуан. XX ғасырдың басына дейін тұлға философиялық және клиникалық тұрғыдан ғана зерттелсе, кейін бұл іске таным процестері мен адамның күйін зерттеумен айналысқан басқа да ғылымдар кірісті. Мәселен, тұлға философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Психология тұлғаның өзіне тән күш-жігерін, мінез-құлқын, психо-физиология ерекшеліктерін зерттейді. Социологияда тұлға қоғам мүшесі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік қырлары, саналы қоғамдық әрекеті жан-жақты зерттеледі. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсында болсын адам орталық мәселе болғандықтан олар тұлға ұғымын ортақ қолданып, әрқайсысы әр қырынан зерттеп-таниды және осы ғылым салаларының зерттеу нәтижелерінің өзара ықпалдастығы мен бір-біріне әсері бар. Әр ғылым саласы тұлға сөзіне өзіне тән танымдық-ұғымдық мағына сыйғызады (Түсіндірме сөздік, 2006:10).

Ғылыми әдебиеттердегі тұлға анықтамаларының әрқайсысы тәжірибелік зерттеулермен және теориялық негіздеулермен бекітілген, сондықтан «тұлға» ұғымын қарастырғанда оларды ескеру керек. Адамның әлеуметтік

қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Тұлға деп – жиі әлеуметтік даму барысында бойына әлеуметтік және өмір үшін маңызды қасиеттерді жинаған адамды түсіндіреді. Тұлға түсінігі жан-жақты ғылымдармен байланыс тапқан – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым (Божович, 1998:23).

Жеке тұлға және оның әлеуметтік бейімделуінің мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамыры тереңге бойлайды. Тұлғаның маңыздылығы мен әлеуметтенуі жөнінде Э. Роттердамский, Д. Дидро, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов еңбектерінде қарастырған (Макаренко, 1968:6).

С.Д. Артемов, В.И. Вершинина, И.А. Милованова, В.А. Ядов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев еңбектерінде тұлға әлеуметтенуі, тұлға дамуының мәселелері контекстінде жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғысынан талдаған (Маслоу, 1995: 10).

Тұлғаның әлеуметтенуі құндылық бағдарымен тығыз байланысты. Орыс психологы М.Т. Журавлев әлеуметтену құндылық бағдардың адам өмірінде, қарым-қатынасында, мінез-құлқында қызығушылыққа айналуы деп түсіндіреді. И.С. Конның еңбектерінде тұлға әлеуметтенуі философиялық, жалпы

және әлеуметтік-психологиялық, тарихи-мәдени аспектілері, теориялық мәселелері мен нақты эксперименталды алынған талдаулары көрсетілген. Сонымен қатар У. Джеймс, К. Роджерс, Э. Берн еңбектерінде де өзіндік санаға, тұлға әлеуметтенуіне қатысы бар әр түрлі көзқарастар жеткілікті.

Негізгі бөлім

Жеке адам мен топтың өзара қатынасының жағдайы, жеке адам созылмалы емес ішкі және сыртқы қактығыстарсыз басты әрекетке сәтті қосылуы, негізгі социогенді қажеттіліктерді қанағаттандыруы, оның топ ұсынатын рөлдік күтілімдеріне қарсы шығуы, өзінің ісін көрсету және шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету жағдайы – тұлғаның әлеуметтік бейімделуі деп аталады. Тұлғаның әлеуметтік бейімделуі – бұл, тұлғаның толық әлеуметтенудің бір сатысы болып табылады. Л.Д. Столяренко тұлғаның әлеуметтену сатысын қарастырғанда, бірінші сатыны біріншілік әлеуметтену немесе бейімделу сатысы деп қарастырды (Артемьев, Бейсенов, 2002: 15). Осы ұғымның аясында тұлғаның мынадай әлеуметтенулік қасиеттері қарастырылады. Оларды төменгі сызбадан көруге болады.



1-сурет – «Тұлға» ұғымының құрылымы (Б.Г. Ананьев бойынша) (Льонтев, 1975: 23).

Тұлғаның әлеуметтену процесі адамдардың қарым-қатынасқа түсуімен және бірлесіп әрекет етуімен тығыз байланысты. Әлеуметтік

тәжірибені меңгеру субъективті: бірдей әлеуметтік жағдайлар әртүрлі болып қабылдануы мүмкін. Түрлі тұлғалар объективті бірдей жағдайлардан сан алуан әлеуметтік тәжірибе алады, бұл индивидуалдану процесінің негізі.

Әлеуметтену және тұлғаның қалыптасу процесі арнайы әлеуметтік институттар шебінде, мысалы, мектепте, және түрлі формалды емес бірлестіктерде жүзеге асырылады. Тұлға әлеуметтенуінің маңызды институттарының бірі – жанұя. Отбасында, жақын адамдардың арасында адам тұлғасының негіздері қаланады. Адамның тұлға негіздері 3 жасқа дейін қаланады деген түсінікті кездестіруге болады. Бұл жас кезеңінде адамның психикалық процесі ғана дамып қоймай, ол өмірдің соңына дейін бойында сақталатын алғашқы тәжірибе мен өзін-өзі ұстау тәрбиесін алады (Фридман, 1985: 24).

Адам индивид болып туылады, ал индивидті тұлғаға айналдыру процесін әлеуметтендіру деп айтамыз. Тұлғаның қалыптасуы белсенді іс-әрекет, қызмет істеуде және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда іске асады. Тұлға – белгілі тарихи-мәдени ортада өмір сүретін, қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық және моральдық (яғни адамгершілік) қасиеттерді бойына сіңірген, шынайы өмірді тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз іс-әрекет субъектісі. Басқаша айтқанда, тұлға қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп, жан-жақты жетілген адам.

Тұлғаның қалыптасуы оның белсенді іс-әрекеті мен басқа адамдармен пікір алмасу процесінде өтеді. Әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз таңылатын нәрсе емес. Керісінше, индивидтің іс-әрекетке белсенді араласуымен, өзінің қимылы мен мінез-құлқын қоғам талабына сай, лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады.

Жеке тұлға белгілерінің пайда болуы мен дамуын талдау үшін жеке тұлғалардың қалыптасу процесіне әсер ететін мынадай факторларды бөліп көрсетеміз: 1) биологиялық тұқымқуалаушылық. 2) Физикалық орта. 3) Мәдениет. 4) Топтық тәжірибе. 5) Индивидуалды тәжірибе (Сухомлинский 1976: 15).

Биологиялық тұқымқуалаушылық белгілері ауаға, суға, ұйқыға, қауіпсіздікке, ауырмауға қажеттілікті қамтитын адамзат тіршілігінің туған қажеттіліктері мен қабілеттерімен толықтырылады. Егер әлеуметтік тәжірибелерде негізінен адам иеленетін жалпы белгілермен түсіндірілетін болса, ал биологиялық тұқымқуалаушылық жеке тұлғаның индиви-

дуалдығын, оның қоғамның басқа мүшелерінің бастапқы айырмашылығын түсіндіреді. Осыған байланысты биологиялық тұқымқуалаушылық толығымен жеке тұлғаны жасай алмайды. Себебі мәдениет те әлеуметтік тәжірибе арқылы беріледі.

Кейбір зерттеушілер физикалық қоршаған ортаға жеке тұлғаның дамуында үлкен роль берді. Атақты социолог П. Сорокин 1928 ж. басылған еңбектерінде Конфуций, Аристотель, Гиппократтан бастап, қазіргі кезеңнің географы Эллиот Хантингтонға дейінгі көптеген ғалымдар теорияларын кеңейтті. Мұнда жеке тұлға тәртібіндегі топтық ерекшеліктер негізінен ауа-райындағы географиялық ерекшеліктермен және табиғи ресурстардағы ерекшеліктермен анықталады. Ғалымдардың бұл тобына философ Г.В. Плеханов пен Л.Н. Гумилевті де жатқызамыз. Бұл зерттеушілер жасаған теориялар ұлттық сананы ақтау үшін негіз болып табылады, бірақ жеке тұлғаның дамуына физикалық факторлардың шешуші әсерін ақтай алмайды, шындығында ұқсас физикалық және географиялық жағдайда жеке тұлғаның әртүрлі типтері қалыптасады және керісінше жеке тұлғаның ұқсас топтық белгілері қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларында дамиды. Осыған байланысты физикалық орта әлеуметтік топтың мәдени ерекшеліктеріне әсер ете алады, бірақ тұлғаның жеке қалыптасуына әсері шамалы (Нысанбаев, 2001: 6).

Сонымен қатар тұлғалардың қалыптасу процесін анықтайтын негізгі факторлар топтық тәжірибе және индивидуалды тәжірибе болып табылады. Бұл факторлар жеке тұлғалардың әлеуметтену процесінде толық бейнеленеді.

Адам дүниеге келгенде әлі негізінен биологиялық жан. Нәрестеде әлеуметтік өмір туралы ешқандай түсінік жоқ, онда адам болудың тек мүмкіндіктері ғана бар. Ол мүмкіндіктер басқа адамдармен қарым-қатынас жасап, қоғамдық қатынастар жүйесіне енуі нәтижесінде ғана адамдық қасиеттерге айналады.

Демек, адам адам болып туылмайды, қалыптасады. Адамның адам болып қалыптасуы оның физиологиялық және психикалық дамуына сәйкес табиғи нышандардың негізінде жүзеге асады: мұнда әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени құндылықтарды меңгеру, мектеп пен отбасында тәрбиелеу, замандастарының ықпалы сияқты факторлар шешуші роль атқарады. Адамның бұл қалыптасу процесі социологияда әлеуметтендіру деп аталады (Божович, 1968:8).

Әлеуметтенудің мақсатқа бағытталған сипатымен қоса стихиялық сипаты да бар екендігін

айта кеткен жөн. Әлеуметтенуді бір уақыттағы мақсатқа бағытталған және реттелмейтін процесс ретінде түсіндіру үшін А.А. Реан келесідей мысал келтіреді. Мектепте өтетін сабақ кезінде оқушы сабақтың материалын, әлеуметтік ережелерді меңгеріп қана қоймай, ұстаз үшін «кездейсоқ» болып көрінетін нәрселермен өзінің әлеуметтік тәжірибесін байытады. Бұл тәжірибе позитивті де, негативті де болуы мүмкін (Lindsey, Beach, 2000: 12).

Тәрбие беру барысында ата-ана мен педагогтың өз алдарына қоятын мақсаттары: баланың тәрбиесін қалыптастырып, оны әлеуметтік ортада өмір сүруге даярлау, ол үшін белгілі қадамдар жасау.

Өскелең ұрпақтың әлеуметтену мәселелері алғаш рет субъективтік тұрғыдан біржақты Батыс Европада жарық көрген ғылыми еңбектерде, атап айтқанда, австриялық психолог З. Фрейдтің психикалық анализі мен осы ілімнің негізінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Германияда пайда болған антропологиялық мәдениет теориясын дамытушылардың еңбектерінде аталып, жасөспірімдердің психикалық және жыныстық пісіп-жетілуі олардың әлеуметтенуінің қайнар көзі ретінде қарастырылды. Ал необихевиоризм өкілдері «әлеуметтену» ұғымының мазмұнын «әлеуметтік өмірді оқытып-үйрету» мәселелерді құрайды деп есептейді. Символдық интеракционизм мектебінің мүшелері «әлеуметтену» дегеніміз «әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесі» деп түсіндіреді. Гуманистік психология ағымының өкілдері «әлеуметтену» терминінің мазмұнын «мен» ұғымының баламасы ретіндегі «пайымдап, дайындалған болашаққа қатысты көзқарастың» өзіндік маңызды мәселелерді құрайды деп біледі (Хрипкова 1998: 18).

Әлеуметтенумен бір уақытта өтетін процесс – инкультурация. Егер әлеуметтену дегеніміз әлеуметтік тәжірибені меңгеру болса, инкультурация дегеніміз индивидтің жалпы адамзаттық мәдениетті, тарихи қалыптасқан әрекеттер жолын игеру процесі. Ол әрекеттерде түрлі даму кезеңдеріндегі адам әрекетінің рухани және материалдық өнімдері жинақталған. Бұл процестер бір-бірінен қалып қоюы мүмкін. Адам мәдениетті табыспен игерсе оның әлеуметтік тәжірибесі жеткілікті деп айту дұрыс емес және керісінше.

Адам әлеуметтену процесінде әлеуметтік нормаларды меңгеріп, әлеуметтік рөлдер, қоғамдық мінез дағдыларын пайдаланудың тәсілдерін үйренеді. Тұлға әлеуметтенуі тұлғаның

әлеуметтік шындықты тануына негізделеді (Аренев, 2001: 12).

Тұлға әлеуметтенуінің көзі болып табылатындар:

1) **сәбилік жастағы тәжірибесі** – психикалық функциялар мен мінездің элементарлық формасының қалыптасуы;

2) **әлеуметтік институттар** – тәрбиелеу, оқыту мен білім беру жүйелері;

3) **қарым-қатынас пен іс-әрекет процесінде адамдардың өзара әсері**.

Әрбір әлеуметтік роль өзі көптеген мінездің мәдени нормалары, ережелері, *стереотиптерін* ендіреді. Өмір сүру барысында әлеуметтік рольдің біреуін ғана емес, бірнешеуін немесе көптеген әлеуметтік рольдерді жастық және қызметтік баспалдаққа байланысты меңгеруге тура келеді (Сабыров, 1987: 13).

Әлеуметтену мазмұнына қарай екі жақты процесс. *Бір жағында* әлеуметтік тарихи тәжірибелер, символдар, құндылықтар, нормалар жатыр. *Екінші жағында* оны индивидтің меңгеру *интериоризациясы* жатыр.

Интериоризация – бұл қоғамдық өмір сыртқы формасындағы процестердің сананың ішкі процесіне ауысуымен: талдап қорыту, вербалдану, ары қарай даму қабілеті.

Болашақ тұлғаның әлеуметтенуі әсіресе интенсивті түрде болашақ және жасөспірімдік кезеңде дамиды. Ал тұлға дамуы жалпы егде жасқа дейін созылады. Қоғам дамуы тұлғаның индивидуалды дамуына жол сілтейді, ал жалпы әлеуметтенуге әр әлеуметтенуші өз үлесін қосады. Тейяр бойынша, адамзаттың болашағының тарихының маңыздылығын қазіргі қоғам дамуына тәуелді болып табылады (Немировский, 2005: 30).

Тұлғаның әлеуметтенуі индивидуалды дәрежеде бірнеше үрдістен тұрады:

1. Адамдардың тұлғалықтары өзара әсерлесу арқылы қалыптасады. Бірақ олардың өзара әсерлесу мінездемесі жас, интеллектуалды дәреже, жыныс тағы сол сияқты факторларға өз әсерін тигізді.

2. Қоршаған ортада баланың тұлға болып дамуына септігін тигізеді.

3. Тұлғалық жеке бас индивидуалды тәжірибе арқылы қалыптасады.

4. Тұлғаның құрылуына әсер ететін аспект болып мәдениет саналады (Қоянбаев, 1998: 10).

Қазіргі қоғамдағы тұлғаның әлеуметтену белгілеріне: әлеуметтік бірдейлік, мақсат, стереотиптер, жалпы әлемдік құндылықтар мазмұнының қалыптасуы, өмір сүру образы, тұлғаның

адаптациялануы, оның нормалы әдеттегі мінездері. **Тұлға әлеуметтенуінің ең негізгі белгілеріне:** тәуелсіздігі, сенімділігі, дербестігі, белсенділігі, жасқаншақ болмауы, азаттық деңгейі жатады. Ал әлеуметтенудің негізгі институттары ретінде: жанұя, мектептік мекемелер, формалды емес ұйымдар, жоғары оқу орындары, еңбек ұжымдары есептелінеді. Тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктерінің қалыптасуында әсер ететін қарым-қатынас, таным, еңбек деп қарастырылатындықтан әлеуметтену тұлға дамуының үрдісі ретіндегі үш негізгі аймақтың ортақ мінездемесі болып индивидтің сыртқы ортамен әлеуметтік байланысын кеңейту болып табылады (Хрипова, 1970: 18).

А.Н. Леонтьевтің пайымдауынша, адам әлеуметтенудің бүкіл үрдісінде көптеген іс-әрекет түрлерімен айналысады. Мұнда үш негізгі маңызды үрдіс өтіледі. Біріншіден, бұл әр іс-әрекет түрінде болатын және оның түрлері арасындағы байланыс жүйесінде бағдар болады. Ол әр тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектін анықтауы, игеруі болып табылады. Осындай бағдардың жемісі ретінде іс-әрекетті тұлғалық таңдау деп атауға болады. Оның негізінде екінші үрдіс туындайды, яғни – негізгі таңдалған іс-әрекет төңірегінде орталықтану және басқаларды оған бағынышты ету. Үшіншіден, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға жаңа рольдерді игеріп, олардың мәнділігін игереді (Қоянбаев, 1998:23).


Тұлғаның әлеуметтену принципі қарым-қатынас факторы ретінде сипатталуы қажет: Қарым-қатынас – біріншіден, біріккен іс-әрекетте пайда болатын адамдар арасында байланыс орнату және оны дамыту процесі болса, екіншіден, тұлғалардың бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктен пайда болған өзара белгі құралдарымен жүзеге асатын күйі, мінез құлқы. Тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтенуінде негізгі факторлардың бірі – ол қарым-қатынас. Тарихи – қоғамдағы объективті талаптар және қоғамның дамуындағы әлеуметтік заңдылықтар тұлғаның қарым-қатынас процесіндегі рөлін анықтайды. Қарым-қатынас барысында тұлғаның әлеуметтенуінде байқалатын өзіндік ерекшеліктер мәселесіне көңіл бөле отырып, қазіргі кезеңде бұл салада жүйелі зерттеулерді қажет етеді. Бұл салада жоспарланған зерттеулер өзіндік ерекшеліктердің қарым-қатынас процесінің кез келген аспектілеріне ықпалы айқын байқалуда (Жарықбаев 1993: 6).

«Әлеуметтену» ұғымына берілген орыс ғалымдарының анықтамаларында өскелең ұр-

пақты әлеуметтендіру процесінде олардың жеке бастарының қалыптасуына ықпал ететін қоршаған нақты ортасына тән объективті және субъективті факторлар жиынтығы жартылай болса да қамтылған. Жеке тұлға ұғымы адамда оның өмірлік қызметінің әлеуметтік бастауын сипаттауға көмектеседі. Адам әлеуметтік байланыстарда, әлеуметтік институттарда, мәдениетте, яғни қоғамдық өмірде басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылатын қасиеттерді жасайды. Сондай-ақ кез келген дербес ғылымдар секілді тұлғаны қалыптастыру мен дамыту және тұлға әлеуметтенуін зерттейтін әдістері бар екенін айта кету керек. Бұл әдістер философияда, әлеуметтану және психологияда да қолданылады (Сағындықұлы 1999:20).

Тұлға әлеуметтенуін зерттейтін әдістерді екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады, олар: субъективті және объективті.

Тұлға дамуын зерттейтін негізгі әдістер жүйесі



Бұл әдістерді тұлғаны қалыптастыру мен тұлға дамуы және әлеуметтенуі кезінде қолданамыз. Мәселен, тұлғаны қалыптастыру кезінде индивидтің кезең-кезеңдеріне сай тұлғалық қажеттіліктерін қадағалауға болады. Жоғары жасқа келіп, тұлғалық жетілмеген адамдарды әлеуметтік бақылауға алып, олардың тұлға болып жетілмеуіне қандай факторлар әсерін тигізгендігін жоғарыдағы әдістер арқылы анықтаймыз. Мысалы, мұндай адамдарды бақылауға алып, оларға сауалнама (ауызша, жазбаша, еркін әңгімелесу) әдістерін жүргізу арқылы және бақылаулы эксперимент әдісі арқылы индивидтің проблемасын анықтай аламыз. Сонымен қатар субъективті әдістер арқылы қоғам қатарына еніп, тұлға болып қалыптасуына көмек көрсетеміз (Биекенов, 2007: 13).

Қорытынды

Тұлға әлеуметтенуі жас кезеңдерімен қатар дамып отыратын күрделі әлеуметтік процестердің бірі. Сонымен қатар адам өмірінде де маңызды бір құралы деуге толық негіз бар. Индивидте әлеуметтену процесі жүрмей тұлға болып қалыптаса алмайды. Адам тұлға болып қалыптаспай еш өмірінің мәні жоқ деген сөз. Сондықтан да субъективті органдар туылғаннан бастап адамдардың тұлға болып қалыптасуын, олардың әлеуметтенуі мен тұлғалардың өмірлік дамуы барысында жүйеге бағынатын жұмыстар атқаруда. Жоғарыда аталған әдістер арқылы адамның тұлға болып қалыптасуы мен қоғам өзгерістеріне әлеуметтенуіне жол ашады (Әбдікерова, 2013:12).

Индивид ретінде туылған адам қоғамдық өзара қатынастар мен процестер жүйесіне қосылады, нәтижесінде ерекше әлеуметтік сапаға иеленеді – тұлға болып қалыптасады. Бұлай болу себебі, қоғамдық байланыстар жүйесіне қосылған адам – субъект, іс-әрекет процесінде қалыптасатын және дамитын сананы иеленуші. Сонымен, тұлға әлеуметтенуі – бұл индивидтің әлеуметтік құндылықтар жүйесін иеленуі мен әлеуметтік институттардың мақсатты ықпал ету жағдайында мінездің әлеуметтік адаптациялануы, тұлғаның түрлі өмірлік жағдайларда стихиялы ықпал ету жағдайы (Айтбаева, 2012: 14).

Қазіргі қоғамдағы тұлға әлеуметтенуінің негізгі мақсатына: А. Маулоуша «қажеттілігін өзі жүзеге асыру» қанағаттандыруы мен сол мақсатты дұрыс жүзеге асырудағы қабілеттің дамуы жатады. Олай болмаған жағдайда әлеуметтену процесі гуманистік мәнінен айырылып, психологиялық күштеу инструментіне айналады, мұндай жағдай тұлғаның өсуіне емес, өшуіне алып келеді. Көптеген зерттеушілердің ойынша тұлға дамуының қозғаушы күші – түрлі қажеттіліктердің кешені. Олардың ішіндегі маңызды орын алатыны – өзін-өзі дамыту қажеттілігі. Бірақ ол қол жетпес идеалға ұмтылу деген сөз емес. Тұлға үшін нақты мақсатқа жету немесе белгілі әлеуметтік статус алу маңыздырақ және барлық тұлғада мұндай мақсаттар бірдей емес (Кудрявцева, 1995: 13).

Тұлға әлеуметтенуі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі болып келеді. Тұлғалық қасиеттердің ішіндегі аса маңыздысы оның өмірге өзіндік көзқарасының болуы. Адамның өмірге көзқарасында әлеуметтік жағына көңіл аударсақ, жеке тұлғаның қандай қоғамдық

топтарға, саяси қозғалыстарға қызмет жасайтынын, қандай топтар мен қозғалыстарға қарсы екенін, озық ойлы, не кертартпа екенін аңғаруға болады (massaget.kz)

Қазіргі қоғамда адам тұлғаға айналуында екі үлкен кезеңнен өтеді. Біріншісі – туғаннан ер жеткенге дейін. Екіншісі – ер жеткен, кемеліне келгеннен кейінгі кезең. Бірінші кезеңде жасөспірім бала сыртқы дүние туралы белгілі бір деңгейде білім жиынтығының жүйесін, негізгі бағалы, құнды бағыттар мен нұсқаларды игеріп, меңгереді. Ол адам өмірінде бірнеше әлеуметтік рөлдер атқарады. Екінші кезеңде тұлғаның бүтін, біртұтас көзқарастары, идеологиясы және белсенділігі, өмірлік құбылыстарға байланысты, қазіргі заман талабына, өмірлік қажеттілігіне сәйкес

өмірге деген бағыты қалыптасады. Осы екінші кезеңде тұлға әлеуметтік сипатта болады, оның өмірлік стратегиясы және өзіндік ерекшелігі басым көрінеді.

Индивид тұлғаға айналуының бірінші кезеңі барлық адамдарда бар, бірақ, екінші кезеңнің сипаты барлық адамдарда байқала бермейді. Кейбір адамдар өзінің соңғы күніне дейін өзгермей, қарапайым болып қала береді. Ал, кейбіреулер тіпті жиырма бес жасында тұлғаға айналады. Әрине, бағымызға қарай, мұндайлар қазіргі қоғамда өте сирек кездеседі. Осындай жандарды азайту және емдеу, жеке адамды немесе индивидті тұлғаға айналдыруда әр түрлі оқу орындарының, мемлекет саясатының және де т.б. субъектілердің атқаратын қызметі көп деп білемін.

Әдебиеттер

- Әбдікєрова Г.О., Шынарбекова М.К. Қазіргі тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктері. Тұлға // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы, 2013.
- Айтбаева А.Б., Смайлова А. Жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің кейбір мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы, 2012.
- Арсеньев. А. С. Философские основания понимания личности. – М.: «Академия», 2001.
- Артемов А.И., Бейсенов Б. Тұлға социологиясы. – Алматы, 2002.
- Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
- Божович Е.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М., 1968.
- Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – М.: Просвещение, 1998.
- Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.
- Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
- Жарықбаев Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
- Кудрявцова В.Н., Казимирчук В.П. Современная социология права. – М.: Юрист, 1995. – 300 с.
- Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Астана, 1998.
- Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1991.
- Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975.
- Макаренко А.С. Тәрбие туралы лекциялары. – Алматы, 1968.
- Маслоу А. Самоактивизация личности. – М., 1995.
- Немировский В.Г., Невирко Д.Д., Гришев С.В. Социология: классические подходы к анализу социальной реальности. – М., 2005. – 555 с.
- Нысанбаев. А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы, 2001 г.
- Сабыров Т. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1987.
- Сағындықұлы Е. Педагогика. – Алматы, 1999.
- Тұлға әлеуметтенуі. [Электрондық ресурс]. <https://massaget.kz/forum/>
- Фридман Е.М. Изучение личности учащегося и ученических коллективов. – М.: Просвещение, 1985.
- Хрипкова А.Г. Биологическое и социальное в развитии, формировании и воспитании человека. Библиотека «Актуальные проблемы педагогики и психологии». – М.: Знание, 1998 г. Вып.2.
- Хрипкова А.Г. Биологическое и социальное в развитии, формировании и воспитании человека. Библиотека «Актуальные проблемы педагогики и психологии». – М.: Знание, 1970. – Вып.2.
- Linda Lindsey, Stephen Beach. Sociology: social life and social issues. Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey 07458. – 2000. – 733 p.

References

- Abdikeroва G.O., Shynarbekova M.K. (2013) Kazirgi tulganyn aleumettenu erekshelyktery. Tulga. – KazNU habarshy, – Almaty.
- Arsen'ev A.S. (2001) Filososfskie osnovaniya ponimaniya lichnosti. – М.: «Akademiyа».
- Artem'ev A.I., Bejsenov B. (2002) Tulga sociologiyasy. – Almaty.

- Biekenov K., Sadyrova M. (2007) Aleumettanudıń tıysındırme sızdigi. – Almaty: Sozdik-Slovar'. – 344 bet.
- Bozhovich E.I. (1968) Lichnost' i ee formirovanie v detskom vozraste. – M.
- Bozhovich L.I. (1998) Problemy formirovanij lichnosti. – M.: Prosveshchenie.
- Fridman E.M. (1985) Izuchenie lichnosti uchashchegosya i ucheni-cheskih kollektivov. – M.: Prosveshchenie.
- Hripkova A.G. (1998) Biologicheskoe i social'noe v razvitii, formirovanii i vospitanii cheloveka. Biblioteka «Aktual'nye problemy pedagogiki i psihologii». – M.: Znanie. – Vyp. 2.
- Hripkova A.G. (1970) Biologicheskoe i social'noe v razvitii, formirovanii i vospitanii cheloveka. Biblioteka «Aktual'nye problemy pedagogiki i psihologii». – M.: Znanie. – Vyp.2.
- Koyanbaev R. Tarbie teoriyası. – Almaty, 1991 zh.
- Koyanbaev Zh., Koyanbaev R. (1998) Pedagogika. – Astana.
- Leon't'ev A.N. (1975) Deyatel'nost'. Soznanie. Lichnost'. – M..
- Linda Lindsey, Stephen Beach (2000). Sociology: social life and social issues. Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey 07458.– 733 p.
- Makarenko A.S. (1968) Tarbie turaly lekciyalary. – Almaty.
- Maslou A. (1995) Samoaktivizaciya lichnosti. – M.
- Nemirovskij V.G., Nevirko D.D., Grishev S.V. (2005) Sociologiya: klassicheskie podhody k analizu social'noj real'nosti. – M. – 555 s.
- Nysanbaev A.N. (2001) Filosofiya vzaimoponimaniya. – Almaty.
- Sabyrov T. (1987) Balalarga aqyl-oj tarbiesin berudin kejbir maseleleri. – Almaty.
- Sagyndukuly E. (1999) Pedagogika. – Almaty.
- Suhomlinskij V.A. (1976). Balaga zhurek zhyluy. – Almaty.
- Zhantanu ataularynyn tıysındırme sızdigi (2006). – Almaty: «Sızdik-Slovar'». – 384 b.
- ZHarykbaev B. (1993) Psihologiya. – Almaty: «Bilim».
- Ajtbaeva A.B., Smajlova A. (2012) Zhastardy ıltzhandylykka tırbieleudıń kejbir maseleleri. – KazUU Khabarshysy. – Almaty.
- Kudryavcova V.N., Kazimirchuk V.P. (1995) Sovremennaya sociologiya prava. – M.: YUrist. – 300 s.
- Tulga aleumetteny. [Ehlektrondyk resurs]. <https://massaget.kz/forum/>

2-бөлім
МӘДЕНИЕТТАНУ

Section 2
CULTURAL STUDIES

Раздел 2
КУЛЬТУРОЛОГИЯ

Сатыбалдиева А.С.¹, Исахан М.Б.²

¹аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: gulmaral23@mail.ru

²ғылыми қызметкер, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті,
Әбу Ханифа зерттеу орталығы, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alash_ordabasy@mail.ru

**ИСЛАМДАҒЫ АҒЫМҒА БӨЛІНУШІЛІК ФАКТОРЛАРЫ МЕН
ОЛАРДЫ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНА ӘСЕРІ**

Бұл мақалада Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі дәуіріндегі Ислам діні және оның атын жамылған діни ағымдардың мемлекет пен қоғам үшін қаншалықты маңызға ие болғандығы сөз болады. Жалпы, Ислам дінінің негізгі қайнар-көзі Құран мен сүннетте ағымға бөлінушілік құпталмағанымен, тәжірибеде мәзһабқа бөлінушіліктің орын алғандығы көрсетіледі. Мұсылман ғалымдарының еңбектеріндегі діни ағымдар мәселесі, мәзһабтардың тарих сахнасына шығуы және олардың негізгі ерекшеліктері талқыланады. Ислам тарихындағы әртүрлі діни ағымдардың бой көрсетуіне түрткі болған факторлар анықталып, діни ағымдардың жіктелуі мәселелері сараланады. Мұсылман қауымының жік-жікке бөлінуіне әкеліп соққан билікке қатысты саяси ұстанымдар, құқықтық мектептердің үкім шығарудағы бір-бірінен бөлек әдіснамалары мен тұжырымдары, әртүрлі сенімдік мәселелер, Ислам діні тараған аймақтардағы локальді ерекшеліктер, әртүрлі мәдениеттердің бір-біріне ықпалы, философиялық мектептердің мұсылмандардың дүниетанымына әсер етуі, сыртқы дұшпандардың шабуылы, экономикалық жаңа өмірдің діни ұстанымды өзгертуі, Құран аяттары мен хадистерден бөлек мағыналар шығару, салт-дәстүрге қатысты әртүрлі көзқарастардың болуы және т.б. да факторлардың исламдағы бөлінушілікке қаншалықты әсер еткені талданады. Және Ислам дініндегі тариқаттардың ерекшеліктері мен олардың жіктелуі мәселесіне қатысты ой-пікірлер айтылады. Сонымен қатар, соңғы кезеңдерде Қазақстан аумағында пайда болған исламдық жамағаттар жіктелініп, олардың ортаға шығуына әсер еткен факторлар салыстырылып, діни, саяси, әлеуметтік ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сараланады. Қазақстанда белгілі болған исламдық ағымдардың ұстанымдары талқыланып, олар туралы жаңа байламдар жасалынады. Қазақстандағы исламдық ағымдардың қоғамның жік-жікке бөлінуіне әсері ғылыми тұрғыда талдана келіп, олардың мемлекет пен қоғам біртұтастығына кері әсері мен тигізер қаупі аталынып көрсетіледі.

Түйін сөздер: ислам, пайғамбар, үмбет, мәзһаб, тариқат, жамағат, нихла, фирқа, мақалат, аят, хадис.

Satubaldieva A.S.¹, Isahan M.B.²

¹senior lecturer, International Kazakh-Turkish University. K.A. Yassau,
Kazakhstan, Turkestan, e-mail: gulmaral23@mail.ru

²lecturer, Nur-Mubarak Egypt Islamic University of Culture,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulmaral23@mail.ru

**Factors the division of the flow into Islam and the problem
of its classification and its influence on Kazakhstan society**

This article considers the question of entering the stage of the history of the Islamic community, which is very important in today's society of Kazakhstan. The factors promoting the development of various cultures in Islamic history are determined. Muslims in the position of power, which led to the separation of the political, legal methodology and results of individual schools, the various problems of reliability, the conditions of the geopolitical situation, regional local specifications, different cultures

influence each other, and the philosophical worldview of Muslims in schools, attacks from outside enemies, economic consequences of changing the religious attitudes of the new life, different meanings from verses and hadiths, the existence of different views on traditions, etc. The effect of corridors on the fragment Islam. And the factors that influenced the emergence of Islamic currents that have arisen recently are compared, and their scientific, religious, political and social characteristics are differentiated. The Islamic movements known today in Kazakhstan are classified according to their religious principles, and a new scientific conclusion is made in them. The influence of the Islamic movement in Kazakhstan on the division of society is scientifically analyzed and threatened by the negative impact and threat of unity of the state and society.

Key words: islam, prophet, community, mazhab, orden, jamagat, nihla, firka, makalat, ayat, hadis.

Сатыбалдиева А.С.¹, Исахан М.Б.²

¹старший преподаватель, Международный казахстанско-турецкий университет им. К.А. Яссауи, Казахстан, г. Туркестан, e-mail: gulmaral23@mail.ru

²преподаватель, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulmaral23@mail.ru

Факторы разделения ислам на течения и проблема его классификация и его влияние на казахстанское общество

В этой статье раскрывается роль исламской религии, а также важности происламских религиозных течений в жизни государства и общества после обретения Казахстаном независимости. Если в целом раскол уммы по течениям в источниках ислама – Коране и Сунне – не позволителен никому, то на практике разделение уже проявилось в появлении и распространении исламских религиозно-правовых школ – мазхабов. В статье рассмотрены труды мусульманских ученых и богословов, писавших об отклонении первых религиозных течений от основной части исламского общества. Здесь затронуты не только вопросы появления исламских мазхабов на исторической арене, но и их основные особенности. Также в статье определены факторы, повлиявшие на развитие различных религиозных течений, и рассмотрены различия между этими течениями. Проанализированы последствия факторов, повлекшие к расколу в мусульманской умме, как, например, появление политических убеждений относительно власти и правления, усиление несходства методик и утверждений для вынесения решений среди правовых школ, различение верующих в вопросах вероубеждения, локальные разнообразия на территориях распространения ислама, взаимодействия различных культур, влияние философских школ на мировоззрение мусульман, нападения внешних врагов, изменение религиозных принципов под влиянием веяний экономических реалий, извлечение новых значений из толкования аятов Корана и хадисов, распространение различных мнений относительно традиций и обычаев и др. Вместе с тем в статье обсуждаются вопросы об особенностях тарикатов и их классификации в исламе. Также классифицированы недавно появившиеся на территории РК исламские жамагаты; осуществлен сравнительный анализ факторов, в следствие чего они появились; рассмотрены с научной стороны религиозные, политические, социальные особенности этих течений. Рассмотрены убеждения популярных в Казахстане исламских течений, и сделаны новые выводы о них. Также в статье проведен научный анализ воздействия этих исламских течений на разжигание розни в казахстанском обществе и обозначены исходящие от них деструктивные влияния и угрозы для единства государства и общества.

Ключевые слова: ислам, пророк, умма, мазхаб, тарикат, джамагат, нихла, фирка, макалат, аят, хадис.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы 15 қаңтарда ресми түрде діни сенім бостандығын жариялады (ҚР Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы. 1992). Осыдан кейін елімізде көптеген діни ағымдар бой көрсете бастады. Олардың ішінде шетелдерден келген исламдық ағымдар да бар болатын (Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. 2010: 188-244). Ислам – Қазақстан

мемлекетінің негізін құраушы қазақ ұлтының тарихи тұрғыдан алғанда негізгі діни сенімі болып табылғандықтан, құқықтық актілерімізде исламның тарихи рөлі мойындалған (ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы. 2011). Дегенмен, бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында заңмен тыйым салынған 22 діни ұйымның 21-і Ислам атын жамылған діни ағымдар болып саналады (Қазақстан Республикасы аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдар тізімі. 2018).

Сондай-ақ, соңғы жылдары елімізде бірнеше рет Ислам атын жамылған содырлардың теракті жасағандығы көпшіліктің есінде (Марат Шибуттов, Вячеслав Аврамов. 2012: 8). Ал, Атазаңымыз бойынша діни араздық тудырып, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге қатаң тыйым салынған (ҚР Конституциясы. 1995).

Жалпы, тарихи негіздерге сүйенсек Қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында Ислам дінінің орны мен рөлі аса жоғары (Нуртазина. 2015: 56-60). Десе де, бүгінгі таңда әлемдік саясаттағы әртүрлі қитұрқы ойындарда Ислам дінін құрал ретінде пайдалануды көздейтін ұстанымдардың бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Осы себептен де Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты кітабында Ислам дінін қорғап қалу жөнінде: «Исламдық қауіп-қатер деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оңай болғанмен, оның үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді Ислам тарапынан мифтік қауіп-қатер туралы емес, Исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттілігін сөз ететін кез келді» (Назарбаев. 20013: 75) деген болатын.

Қазіргі таңда Ислам діні әлемге бағзыдан қалыптасқан белгілі бір бағыттардың (мәзһаб) және кейінгі уақытта пайда болған діни ағымдардың насихаттары арқылы таралуда. Исламдық бағыттар мен ағымдардың табиғатын тану үшін олардың пайда болуына әсер еткен факторларды анықтап алу аса маңызды. Діни ағымдардың тарих сахнасына шығуының себептері алғаш рет Имам әл-Әшғари, әл-Кумми, әл-Бағдади, аш-Шахристани және т.б. ғұламалардың еңбектерінде талданды (Сатыбалдиева. 2016: 7-8). Кейін зерттеушілер үшін исламдық ағымдар өз алдына бөлек тақырып болып қалыптасты.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты талдау барысында алға қойған басымдыққа ие болу үшін жалпы қисындық әдістер мен танымдық әдістер, мазмұндық талдау, жүйелеу әдісі, сонымен қатар, жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері: тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, каузальды талдау әдісі, статистикалық әдіс, ивент талдау әдісі, кросс-мәдени талдау әдісі, диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдістеріне жүгіндік. Әсіресе, бір діни ағымның мүддесін көздемеу басты назарда ұсталды. Объективті шындыққа қол жеткізу, мемлекет

пен қоғам және адам құқықтарының құрметтелуі көзқарастарын негізге алдық.

Негізгі бөлім

Шынтуайтында, Ислам дінінің қайнар-көзде-рінде мұсылмандардың ағымдарға бөлінуіне тыйым салынып, қайта бірлік пен ынтымақ насихатталған. Мысалы, Құран-Кәрімде бөлінбеу турасында: «Түп түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер...» (Әли-ғымран, 3/103). Сондай-ақ, «Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айырылғандармен ешбір байланысың жоқ...» (Әнғам, 6/159), «Пұтқа табынушылар секілді, діндерінді бөлек-бөлек етіп, өз пікірін жақсы көрген ағымдардан болмаңыз» (Рұм, 31-32) деп баяндалады (Құран-Кәрім. 2008).

Десек те, Мұхаммед (с.а.у) мына бір хадисінде Ислам дінін ұстанушылардың келешекте түрлі ағымдарға бөлінетіндігін алдын ала ескерткен: «Яһудилер жетпіс бір ағымға бөлінеді. Насранилер жетпіс екі ағымға бөлінеді. Менің үмбетім болса, жетпіс үш ағымға бөлінеді» (Aclûnî, İsmail b. Muhammed, Keşfü'l-Hafâ. 1932: 149-151). Сондай-ақ, Мұхаммед (с.а.у) хадистерінде үмбетінің ағымдарға бөлінбеуін қанша Алладан тілесе де, дұға-тілегінің қабыл болмағандығы туралы мәлімет те айтылады (Мұхаммед бин Жамил Зину. 2006: 10).

Ислам тарихында алғаш пайда болған діни ағымдар «фирқа» (бөлім немесе тарау), «нихла» (ескірмеген жаңа) және «мақала» (белгілі орын) деп аталды. Бірақ, кейін келе діни ағымдарға «мәзһаб» (жол) сөзі көбірек таңыла бастады (Ethem Ruhi Figlali. 2001: 7). Бұдан өзге сопылық ағымдар «тарикат» (Дж.С.Тримингэм. 1989: 17) деп аталады.

Ислам ғұламалары өз еңбектерінде діни ағымдарға бөлінушіліктің көптеген мынадай факторлары бар екенін алға тартады:

Әсіре ұлтшылдық: ұлтшылдық пен нәсілшілдік мұсылмандар арасындағы ағымдарға бөлінушіліктің негізгі себептерінің бірі. Пайғамбар (с.а.у) дәуірінде ұлт пен нәсілге бөлінушілікке жол берілген жоқ. Бұл жағдай халифа Осман кезеңіне дейін жалғасын тапты. Ол өлгеннен кейін мұсылмандар арасында ұлт пен нәсілге бөлінушілік пайда болды. Негізінде оған дейінгі кезеңдегі хашимиттер мен омяттардың өзара бәсекелестігі және харижидтер мен басқа топтар арасындағы ымырасыздық ұлт пен нәсілшілдікке бөлінушілікке елеулі ықпал етті. Сондай-ақ, Ирандағы шииттік ағымдардың пайда болуынан да парсы ұлтшылдығының элементтерін көруге

болады. Халифатқа қарсы бас көтерген Бабек мен Муканна қозғалыстарына ескі зороастризм сенімі мен парсы ұлтшылдығының ықпалы болды.

Халифа таңдауға қатысты бөлінушілік: Мұсылмандардың бірлігіне сына болып қағылған жәйттердің бірі билік үшін бақталас болған әртүрлі саяси топтардың пайда болуы еді. Ислам тарихында алғаш рет саяси билікке деген мұсылмандар арасында пікір қайшылығы Пайғамбарымыз (с.а.у) қайтыс болғаннан кейінгі дәуірлерде халиф кім болады деген мәселеде туындады. Осы мәселенің туындауының нәтижесінде шииттер мен харижит тарих сахнасына шықты. Саяси партиялар деп атауға болатын бұл топтар өздерін өміршең ету үшін Құран мен сүннетті өздеріне тірек және қорғаныш етіп алды. Бұл топтар мұсылман қоғамын өздері ғана жақсы басқаратынын, мемлекетті басқару құқығының тек өздеріне ғана тән деп пайымдады. Шын ислам дінінің өкілі өздері екендігін алға тартты.

Ескі мәдениеттердің әсері: Исламды барша ғаламға насиқаттау саясаты төрт халифа дәуірінде де жалғасын тапты. Ирак, Иран, Сирия, Палестина, Солтүстік Африка, Европа және Азияда фатх жорықтары жүргізілді. Фатх жорықтарының мақсаты ислам дінін барлық адамзатқа жариялау, құлағдар ету, халықтарды исламға шақыру, сүйіспеншілік пен бейбітшілікке жеткізу еді. Осының негізінде ислам діні аз уақыттың ішінде әлемнің үш құрлығына жылдам таралды. Адамдар жаңа дінге топ-тобымен кірді. Бірақ, жаңа дінге кіргенде бұрынғы сенімдерін, әдет-ғұрыптары мен мәдениеттерін толығымен тәрк еткен жоқ. Әртүрлі діндер мен мәдениетті ұстанған адамдар бірге өмір сүрді. Діндер мен мәдениеттер бір-біріне ықпал ете бастады. Әрбір ықпалдасудың нәтижесінде жаңа өзгерістер мен ерекшеліктер пайда болды. Ал, бұндай ықпалдастық бөлінудің және жаңа мәзһабтардың пайда болуына әкеп соқтырды. Жәбири, қадәри, муғтазали, мушабиха, шииттік және сол секілді мәзһабтар осындай ықпалдастықтың нәтижесінде тарих сахнасына шықты.

Философияның әсері: Кейбір теріс мәзһабтардың пайда болуына көне Грек, Үнді, Месопатамия философиясының ықпалы болды. Өйткені, ескі философиялық теориялар исламдық сенімдегі болмыс пен табиғат ұғымымен үйлесе бермейтін. Мұсылман ғалымдарының ішінде ескі философиялық түсініктердің ықпалына ұшырағандар болды. Көне Грек философиясы

мұсылмандарға Әмауилер кезеңінде ықпал етіп, Аббаси дәуірінде шырқау шегіне жетті. Мысалы, Исламдағы муғтазали мәзһабының өкілдері сенімдік мәселелердегі қолданған логикалық әдіс-тәсілдерін Грек философтарынан үйренген еді.

Тылсымды танып-білудегі талас-тартыстар: Ислам сеніміне дәлел келтіруде «ақылды» қолдану мұсылман ғалымдарын әртүрлі ойларға жетелеп, соның нәтижесінде түрлі ағымдар пайда болды. Алла-Тағаланың сипаттарына дәлел келтіру мен құдіретін танып-білу және басқа да мәселелер жөнінде каламшылар әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Бұндай мұсылмандық сенімге қатысты түрлі көзқарастардың болуы мұсылмандардың жіктелуіне әкеп соқтырды.

Құран-Кәрімнің мұташабих аяттарына қатысты туындаған тартыстар: Құран-Кәрімді түсініп, білу мәселесінде де мұсылмандар әрқилы көзқарастарда болды. Құран аяттарының көп бөлігін оңай түсінуге болады, бірақ кейбір аяттар түрлі мағыналар береді. Осыған орай Құран аяттары мұхаммад аяттар (нақты және анық мағыналы) және мұташабих аяттар (мағыналары анық емес және әртүрлі түсінуге болатын аяттар) болып бөлінеді. Мұташабих аяттарды «тәуил» (жорамал) арқылы түсінуге болады. Алланың сипаттарына (қол, бет, ғарыш) байланысты аяттар мен жұмақ, тозақ, мизан, есепке тартылу, махшар туралы аяттар және мухатта (екі үш әріптен тұратын аяттар) әріптерінен тұратын аяттар осы санатқа жатады. Мұжассима, мұшабиха, муаттала, хуруфи секілді діни ағымдар осы мұташабих аяттардан өзгеше мағына шығарудың нәтижесінде пайда болды.

Ескі діни қиссалардың әсері: Ескі діни қиссаларды айту халифа Осман дәуірінде пайда болды. Халифа Али өз дәуірінде ескі діни қисса айтушыларды қысымға алып, оларды мешіттен қуды. Өйткені, қисса айтушылардың кейбіреулері бұзылған ескі діндерден алынған оқиғаларды айту арқылы мұсылмандардың сеніміне селкеу түсіріп, хурафалардың (ойдан шығарылған әдеттер) орын алуына ықпал етті. Ескі діни қиссаларды айтушылардың саны Әмауилер дәуірінде арта түсті. Құран-Кәрім тәпсіріндегі «Исрайлат» (еврей пайғамбарлар туралы аңыздар) пен осы ескі діни қиссалардың кейбірі үндесетін. Ескі діни қиссаларды айтушылар көбіне осы Құран-Кәрімдегі пайғамбарлар өмірін жырлайтын еді. Алайда, ескі діни қиссалардағы сенім мәселелері түгел-дерлік ислам дінімен сабақтаспайтын. Қисса айтушылар белгілі бір мәзһаб өкілі немесе билеушілерге

арқа сүйей отырып, ескі діни қиссаларды айтатын. Осылай бола тұрса да ескі діни қиссалар мұсылмандардың өзара талас-тартысқа түсуіне себеп болды.

Хурафалар (ойдан шығарылған нәрсе) және бидғат (дінге жаңа ережелер) енгізу: Адамзат тарихында тура сенім мен жалған нанымдар қатар өмір сүріп келеді. Шииттердің ішіндегі сабайи ағымы Алиді иллаһ деуге дейін барды. Ниматуллаһшылар Алиді Пайғамбармен (с.а.у) қатар қояды. Кейбір табиғат құбылыстарын, таулар мен төбелерді киелі деп санап, құстардың шырылын, иттердің үргенін, күннің күркіреуін және найзағай жарқылына сиынып, түрлі сенімдер пайда болған. Міне, осындай түсініктер мен сенімдер уақыт өте келе әлеуметтік қолдау тауып, түрлі мәзһабтардың пайда болуына өз әсерін тигізді. Кейбір діни ағымдар өз көсемдерінен махди (ғайыптан келетін имам), масих (Иса пайғамбар), хулул (Құдайлық рухтың денеге енуі немесе қасиетті имамдықтың мұрагерлік жолмен берілуі) және танасух (реинкорнация) элементтерін көруге талпынды.

Құқықтық үкім берудегі өзгешеліктер: Пайғамбар (с.а.у) көз жұмғаннан кейін сахабалар туындаған мәселеге құқықтық үкім беруде екі құқықтық әдісті қалыптастырды. Осы әдістердің негізінде «хадис» және «рай» құқықтық мектебі пайда болды. Кейінгі фикһтық мәзһабтардың пайда болуына осы «хадис» және «рай» құқықтық мектептері ықпал етті. «Хадис» әдісі бойынша туындаған мәселеге құқықтық үкім бергенде негізінен Құран мен сүннетке сүйенді. Ал, «рай» әдісінде Құран мен сүннетке қайшы емес негізде ақылмен шешім шығарды.

Жаңа мәселелер туындаған шақта, фақиһтар міндетті түрде мұсылман құқығының негізгі қайнар-көздерінен дәлел іздейді. Негізгі қайнар-көздерден нақты құқықтық үкім таппаған жағдайда, Құран мен сүннеттің құқықтық өлшемдеріне қайшы келмейтін белгілі тәртіп негізінде фақиһтер өз парасатымен құқықтық фатуа айтады. Яғни, әрбір фақиһ өзінің шығарған шешімінің Құран мен сүннетке қайшы еместігін дәлелдеуге тырысады. Осының нәтижесінде мұсылман жұрағатында түрлі құқықтық бағыттар пайда болды.

Исламға дұшпандық жасаудың әсері: Исламның жан-жақты таралуына қарсы шыққан кейбір топтар дінде болмаған нәрселерді еврей, христиан, зороастаризм және мәжүсилерге қатысты кейбір сенімдерді мұсылман дініне қосып, мұсылмандарды бөлшектеуді көздеді. Өз жерлерінің мұсылмандардың қолына өтуін

қаламайтын осындай топтар мұсылмандардың сенім және ахлақтарын өзгертіп, ішкі қақтығыс пен бүлік шығарып, мұсылман қоғамын жоюды жоспарлады. Олар әр жердегі мұсылмандар арасында осы мақсаттарын жүзеге асырып, түрлі мәзһабтардың пайда болуына ықпалын тигізді. Парсылардың іс-әрекеттері осыған айқын мысал бола алады. Сондай-ақ, соңғы дәуірлерде ислам әлемінде пайда болған кейбір діни ағымдардың пайда болуына Батыс отаршылдарының ықпалы болды.

Әлеуметтік және экономикалық өзгерістің ықпалы: Ислам тарихының алғашқы екі ғасырында мұсылмандар әлемнің үш құрылығына тарап, алып ислам халифатын құрды. Осышама ұлан-ғайыр аймақта ұлты, діні мен мәдениеті әртүрлі қауымдармен қатар өмір сүрген мұсылмандардың әлеуметтік және экономикалық жағдайда өзгеріске ұшырады. Византия мен Сасаниттер өркениетін көргеннен кейін мұсылман жауынгерлерінің дүниеге деген көзқарасы өзгере бастады. Византиялықтар мен парсылар секілді аста-төк ішіп-жеуге, алқызыл әлем-жәлем киінуге ұмтылды. Сәулетті зәулім үйлер салып, тұрмысқа түрлі-түсті маталарды пайдаланды. Араб түбегінде жұпыны, жадағай өмір сүрген бәдәуилер енді мәдениетті өмір сүре бастады. Міне, осы жағдай көптеген мәселелерді тудырды. Мұндай өмір сүруді дұрыс деп санап қолдағандар мен тым ысырапшылдық деп есептеген бір-біріне қарама-қарсы топтар пайда болды. Сахаба Әбу Зар әл-Ғифари жаңа әлеуметтік және экономикалық өмірге қарсы шығып, бұлай өмір сүру исламға сай келмейді деп білді. Сопылық ағымдарды осы әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге байланысты пайда болған деген де пікірлер бар.

Еліктеушілік пен әдет-ғұрып факторы: Мәзһабтардың пайда болуында еліктеушілік пен әдет-ғұрыптар маңызды орынға ие. Әсілі мұсылмандардың көп бөлігі еліктеушілерден тұрады. Және олардың өмір сүру түсініктері әдет-ғұрыптың ықпалы арқылы қалыптасты. Осыған байланысты ғұламалар еліктеушілік пен әдет-ғұрып элементтерінің исламға енуіне қарсы тұрды. Әйтсе де, еліктеушілер дінде сай келмейтін көптеген сенімдерді дін деп қабылдады. Жалпы, еліктеушілер мен исламға сай емес әдет-ғұрыпты діни қағидаға айналдырушылар діни білімі саяз адамдар еді. Дүмше түсінік оларды хурафа, ирайлият және бидғаттарды дін деп тануына әкеп соқтырды. Ислам тарихына қарайтын болсақ, алғашқыда діни ағымдар көбіне еліктеуші топтан қолдау тауып, содан барып мәзһаб ретінде

қалыптасты. Еліктеушілер тез алданып, сенеді және лезде айнып, бөлінуге құмбыл тұрады.

Керітартпалық пен асыра сілтеушілік: Ислам діні керітартпалық пен асыра сілтеушілікке қарсы шығып, фанатизм мен нигилизмді (құлықсыздық) қолдамайды. Өйткені, ислам асыра сілтеушілік пен керітартпалыққа қарсы «орта жолды» (дини-уасат) ұстануды үндейді. Ұлы жаратушы Құран-Кәрімде және Пайғамбарымыз (с.а.у) өз сүннетінде асыра сілтеушілік пен керітартпалықты (ғұлат) сынға алды. Алла-Тағала дінде асыра сілтеушілік пен керітартпалыққа ашық тыйым салды. Бұрынғы діндерде асыра сілтеушілер мен керітартпалар болғаны секілді мұсылмандардың ішінде де тоғышар топтар болып отырды. Бұл адамдар фанатизм мен терістеу жолымен мұсылман қоғамына жаңылыс пікірлер таратып, бөлінушілікті тудырды. «Асыра сілтеуші фирқалар» (ғұлат) деп аталған мәзһабтардың негізін қалаушылары мен жақтаушылары осындай көзқарастағы адамдар болып табылады. Ибахи мен осы секілді ағымдардың күнәдан арылуға шамамыз жетпейді деген ұстанымдары керітартпалық болатын.

Надандықтың тигізген әсері: Ислам тарихында саяси және сенімдік мәзһабтардың пайда болуында надандықтың алатын орны ерекше. Білімсіз адамдар өзгелерді айыптап, оларға түрлі атаулар беріп, ал өздері басқалардың тарапынан әсерленіп, олардың қолжаулығына айналып отырды. Дінді бірнеше символдар мен ғибадаттардан тұрады деп санаған діни білімі төмен осындай адамдар жаңылыс пікірлерге көп ұрынды. Осындай надан адамдар арқылы көптеген қате сенімдер мен ғибадаттар дінге кіргізілді. Харижилер мен уахабилердің көпшілігі осындай надан адамдар болып табылады. Сондай-ақ, Құран мен сүннетті жоққа шығарып, ақиқатты философтардың көзқарастары мен ақындардың өлеңдерінен табуға болады дейтін илхами секілді діни ағымдардың шығуына да надандық әсер етті.

Дінді түсіндіру мәселесі: Дін – адамзат баласына мына сынақ әлемде Жаратушысын танып адаспай, тура жолда жүруі үшін түсірілді. Пайғамбарымыз (с.а.у) өз дәуірінде мұсылмандарға дінді ең көркем түрде түсіндіріп, дінді жүзеге асыруда оларға үлгі бола білді. Бірақ, Пайғамбарымыздан (с.а.у) кейінгі дәуірлерде мұсылмандар саяси және сенімдік мәселелерге қатысты әртүрлі ұстанымда болды. Жалпы, адамның табиғаты әртүрлі жаратылған. Бейімделуі, қалаулары, ақылы, ерік-жігері, кабі-

леті әрқилы. Кейбір адамдар өз қабілеттерін жақсы нәрселерге жұмсап, кейбір адамдар қабілетін теріс істерге арнайды. Теріс жолға түскендер тура жолдан адасады немесе дінді шынайы ақыл тұрғысынан емес, дінді дұрыс танымаған дүмшелердің айтуымен қабылдайды. Олар өздері ғана адасып қоймай, өздерінің ұстанған жолын ақиқат деп танып, өзгелердің ұстанған жолын қате деп уағыздап, арандатып бағады. Міне, осындай түсініктер адамдардың дінді әрқалай түсінуіне әкеп соғып, нәтижесінде әртүрлі ағымға бөлінушілік орын алды (Сатыбалдиева, 2016: 13-28).

Мәзһабтану саласының зерттеушілері діни ағымдарды канондық, доктриналық және қоғамды басқаруға қатысты ұстанымдары мен мақсат-мүддесіне қарай төмендегіше жіктейді:

А) саяси мәзһабтар

Ә) сенімдік мәзһабтар

Б) фикһтық мәзһабтар (М. Abu Zahra. 2004: 15-16).

Ислам тарихында саяси сипаттағы діни ағымдар Пайғамбар (с.а.у) қайтыс болғаннан кейін халиф кім болады, Құрайыш тайпасынан шыққан мұсылман ғана халиф бола ала ма, халифтің «аһли-байттан» (пайғамбар с.а.у ұрпағы) болуы шарт па, жоқ әлде кез келген тақуа мұсылман халиф бола ала ма деген саяси мәселелер бойынша ортаға шықты. Осындай саяси мәзһабтардың қатарына шиға мен хауариж және т.б. діни ағымдарды жатқызуға болады (М. Abu Zahra. 2004: 41-96).

Ал, Ислам тарихында Пайғамбардан (с.а.у) кейін мұсылмандар арасында талқыға түскен тағдыр тақырыбы, үлкен күнә жасаушының сипаты, философиялық ойлау (нақыл мен ақылдың тартысы), Құран жаратылған ба, Алланың сипаттары жаратылысқа ұқсай ма деген тәрізді кәламдық мәселелерге байланысты жәбари, қадари, муғтазали, кармати, ибади, муржи секілді мәзһабтар тарих сахнасына шықты (М. Abu Zahra. 2004: 109-164).

Сонымен қатар, Пайғамбар (с.а.у) көз жұмғаннан кейін сахабалар мен табиғиндер қоғамдық қатынас барысында туындаған мәселелерге құқықтық үкім беруде әртүрлі әдіснама қалыптастырды. Осы әдістердің негізінде «хадис» және «рай» құқықтық мектебі пайда болды. «Хадис» әдісі бойынша туындаған мәселеге құқықтық үкім бергенде негізінен Құран мен сүннетке сүйенді. Ал, «рай» әдісінде Құран мен сүннетке қайшы емес негізде ақылмен шешім шығарып отырды. Кейін ханафи, мәлики, шафиғи, ханбали фикһтық мәзһабтардың пай-

да болуына осы «хадис» және «рай» құқықтық мектептері ықпал етті (М. Abu Zahra. 2004: 299-302).

Мұсылман үмбетінің ішінде сопылық жолды ұстанушылар да өздерінің форма тұрғысынан алғанда діни ғұрыптары мен рәсімдеріне байланысты бір-бірінен бөлек «тариқат» деп аталатын түрлі қауымдастықтарды құрды. Тариқаттар белгілі-бір шейхтің діни тәжірибесінің негізінде топтасқан сопылардың бірлестігі еді. Олар да мақсаттары мен ұстанымдарына қарай үшке бөлінеді:

А) Әһли-сунна бағытындағы тариқаттар

Ә) Батыл (адасқан) тариқаттар

Б) Бастапқыда әһли-сунна болып, кейін батыл болған тариқаттар.

Сенімдік ұстындары мен фикһтық ұстанымдары Құран мен сүннетке сәйкес ортадоксальді исламдық негіздерден сусындап, сопылықтанымдары мен тәжірибелері шариғат шеңберіне сай құрылған ордендер – әһли-сунна бағытындағы тариқаттар болып есептеледі. Орта ғасырларда тарих сахнасына шыққан қадари, ясауи, сухраберди, кувраби, руфайи, нахшбанди, шазили, шисти, маулауи, халуати және т.б. сопылық қауымдастықтар кәламдық ұстындары мен діни ғұрыптары шариғат қағидаларына лайықты болғандықтан, олар әһли-сунна бағытындағы тариқаттарға жатқызылған.

Ал, бастау-бұлағы ортадоксальді исламнан нәрленгенімен, кейін келе әртүрлі саяси және әлеуметтік ортаның ықпал етуінің нәтижесінде бастапқы бағытынан айнып, әһли-суннаның шариғат қағидаларына сай емес элементтерді бойына сіңірген сопылық қауымдастықтар өз алдына бөлек санатта қарастырылады. Олардың қатарына бекташи тариқатын, сондай-ақ, кувраби тариқатының шиғалық тармақтарын және т.б. да діни ағымдарды жатқызудың болады (Tarikat. 2014).

Батыл (адасқан) тариқаттардың пайда болуына келер болсақ, Ислам діні таралған кейбір өлкелерде бұрынғы діндер мен мәдениеттер және философиялық мектептердің қоғамдағы ықпалы өте жоғары болып, солардың әсерінен исламды жартылай қабылдаған дүбара діни топтар ортаға шықты. Бұл құбылыс тек сопылықта емес, кәлам мен фикһ саласында да орын алды. Нажмадин Омар ан-Насафидің (1142 ж.ө.) «Китаб фи Мазанибил Мутасауф» атты шығармасында хулули, хали, әулайи, сумраһи, хубби, хури, ибахи, мутакасили, мутажәһили, уакифи, илхами секілді адасқан тариқаттарды тізімдеген. Одан өзге ан-Насафидің шығармасында айтылмаған

нурбахш, каландар, ниматулаһ, хуруфи және т.б. көптеген ақида мен фикһта қате көзқарастары бар адасқан тариқаттар өмір сүргендігі белгілі (Исахан. 2017).

Бүгінгі күні саяси, кәламдық, фикһтық мәзһабтар мен әртүрлі тариқат құндылықтарын бойына сіңірген, заман шарттарына сай өзіндік дінді тарату әдіснамалары бар және әртүрлі әлеуметтік құрылымға ие мұсылман «жамағаттары» ортаға шықты. Олар дінді тарату барысында тек бір мәзһабтың қағидаттарымен шектеліп жатпайды. Жамағаттар жалпы діни қағидаттарды ұстануда әһли-сунна немесе шиға болып ерекшеленуі мүмкін. Бірақ, бір мұсылман жамағат бірнеше әһли-сунна мәзһабтарының қағидаларын өз кеңістіктерінде ұстана отырып, дінді таратудағы өз әдіснамаларымен жұмыс істейді. Жамағаттардың осы әдіснамалық және құрылымдық ерекшеліктері, оларды бір-бірінен ерекшелейтін негізгі факторлар десек болады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда діни қызмет етіп жатқан мұсылман жамағаттарын шығу тегіндегі пайда болуына әсер еткен факторлар және мақсаттары мен ұстанымдарына байланысты оларды төмендегіше жіктеуге болады:

А) Діни-саяси ағымдар

Ә) Діни-ұлттық сипаттағы ағымдар

Б) Оккульттік-мистикалық ағымдар

В) Дәстүрлі діни ағымдар

Г) Әлеуметтік-реформаторлық сипаттағы діни ағымдар

Қазақстанда 2005 жылы тыйым салынған діни-саяси ағымдардың бірі – «Мұсылман бауырлар» жамағаты араб елдерінде кең таралған исламдық қозғалыстардың бірі болып табылды. Ұйымның негізін 1928 жылы наурыз айында Египетте Хасан әл-Банна қалаған. Оның мақсаты қоғамды мұсылмандандыру арқылы шариғат принциптерін басшылыққа алатын мемлекет құру еді (Қазіргі Қазақстандағы ислами ағымдардың іс-әрекеті. 2015: 37). Сондай-ақ, елімізде тыйым салынған діни-саяси ағымдардың бірі «Хизб-ут-Тахрир» партиясы болатын. Бұл партияны Палестинада дүниеге келген Такиу-д-Дин Набхани (1908-1977) құрды. «Хизб-ут-Тахрирдың» негізгі мұраты ислам халифатын құру болып табылды (Қазіргі Қазақстандағы ислами ағымдардың іс-әрекеті. 2015: 36). Саяси мақсатта құрылған әрі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығаратын авторитарлық иерархиялық діни ағымдар болғандықтан, аталмыш екі ұйымды да діни-саяси ағымдар қатарына жатқызудың болады.

Қазақстанда тыйым салынған діни-ұлттық ағымдар ретінде «Шығыс Түркістан ислам

- Moosa, M. (1994) *The early novels of Naguib Mahfouz: images of Modern Egypt*. Gainesville, FL. University Press of Florida. 336 p.
- Newton, K. (1997) *Twentieth Century Literary Theory. A Reader*. Palgrave, 328 p.
- O'Neil, P. (2004) *Great World Writers: Twentieth Century*. New York, Marshall Cavendish. 144 p.
- Ouyang, W.-C. (2013) *Politics of Nostalgia in the Arabic Novel: Nation-State, Modernity and Tradition*. Edinburgh University Press. 245 p.
- Roger, A. (1998) *The Arabic Literary Heritage: The Development of its Genres and Criticism*. Cambridge. Cambridge University Press. 437 p.
- Starkey, P. (2006) *Modern Arabic Literature*. Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006. – 233 p.
- مركز الدراسات الاشتراكية: الناشر 2009 أوراق اشتراكية: الاصدار. لمحمود أمين العالم وعبد العظيم أنيس "في الثقافة المصرية"
- Амин, М., Анис А. (2009) «Египетская культура» / Центр Социалистических Исследований. <http://www.ahewar.org/debat/show.art.asp?aid=164543> (дата обращения 07.02.2018)
- Долинина, А. (1994) *Египетская литература на рубеже XIX и XX веков. История всемирной литературы в 9 томах / АН СССР. Ин-т мировой лит. им. А.М. Горького*. – Москва: Наука. – Т. 8. – С. 673-677.

- Живи, Египет! (1973) Пер. Кирпиченко, В., Сухина, Т., Городникова, Т., Мартиросова, Н. Москва. Художественная литература. 138 с.
- Курс лекций по лингвострановедению (арабские страны) (2010). – Москва: Изд-во РУДН. – 293 с.
- Махфуз, Н. (2012) Осенние перепела. – СПб.: Аxioma. – 110 с.
- Сейтахметова, Н. (2009) Мусульманская средневековая философия. – Алматы.– 233 с.
- Семенов И. Идентичность как категория политической науки: словарь терминов и понятий. – М.: РОССПЭН, 2012.
- Фильштинский, И. (1988) Литература Египта, Сирии и Ирака: [Арабская литература: История всемирной литературы. Т. 5. Раздел шестой. Глава вторая]. История всемирной литературы: в 9 т. Т. 5. АН СССР. Ин-т мировой лит. им. А. М. Горького. – Москва: Наука. – С. 462-467. <http://feb-web.ru/feb/ivl/v15/v15-4622.htm>
- Чекалов, Д., Кондратов, В. (2005) История мировой культуры. Конспект лекций. – Ростов н/Д: Феникс. – 352 с.
- Этнопсихологический словарь [[http://ethnopsychology.academic.ru/393/этническая_идентичность_\(этничность\)](http://ethnopsychology.academic.ru/393/этническая_идентичность_(этничность))], дата обращения июнь 2018].

Шамахай С.¹, Есім Ғ.²

¹PhD докторанты, e-mail: sh.saira@mail.ru

²философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, e-mail: garifollaesim@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

ШЫҢҒЫСХАН: ТӘҢІРЛІК СЕНІМ МЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ

Мақалада көшпенділердің сонау шумерлер заманынан бері сабақтасып келе жатқан мыңдаған жылдар тарихы бар Тәңірлік дінінің XIII ғасырдағы ахуалы мен Шыңғысхан ықпалымен Мәңгі Аспан (Тәңірі) ретінде даму ерекшелігі, оның жасаған діни-философиялық тұжырымы, дінге деген толерантты қатынасы жайлы талданады.

Шыңғыс хан заманында моңғолдардың тәңірлік нанымна өзгерістер енгізілді. Мәселен, тәңірлік дінінде жұмақ пен тозақ ұғымдары болмады. Алайда олардың сауап жинауға талпынысы тек Шыңғыс ханның арнайы шақыртуымен келген Әулие Чан Чунның үгіттеуімен құдайлық іліммен байланысты туындады. Бұл кезеңде моңғолдардың діни көзқарасы өзінің биік шыңына жетіп, мәңгі аспанның монотеистік сенімін құрды. Шыңғыс хан тәңірлікті негізге ала отырып, Мәңгі Аспан (Тәңір) идеясын теория дәрежесінде қорытып, қолдана білді. Ол Көкте – Мәңгі Аспан (Тәңірі), Жерде – Қаған қағидасын қалыптастырды. Қағида бойынша Аспан (Тәңір) әлемдегі шексіз ерік, биліктің жалғыз Құдайы. Ол өзінің шапағатымен Қағанды қолдайды. Қаған тәңір атынан билік етіп, аспан жарлығын жер бетіне жүзеге асыруға міндетті. Қаған өз парасатының, харизмасының көмегімен аспан қалауына, шапағатына бөлене алады. Жоғарыда бір аспан тәңірі болса, жерде бір ғана қаған болуға тиіс. Яғни, моңғол ханы «Күн шығыстан күн батысқа дейінгі аспан астындағы барша елді басқаруға тиіс» – еді.

Сонымен қатар, Шыңғысхан діни толеранттылықты ұстанды. Ол либералды заң нормаларын қалыптастырды. «Барлық діндер бірдей құрметке лайық, бірақ олардың бірде-бірі үстемдік ете алмайды» деген талап болды. Бұл талап Шыңғыс хан дүниеден өткен соң да, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, жалғасын тапты. Шыңғыс ханның кіші ұлы Толуидың жұбайы ақын, мемлекеттің ірі саясаткері Сорқактани бегім, Мөңке хан бұл ережені өз өмірінің қағидасы етеді.

Мақалада Шыңғыс ханның тұжырымдары мен қағидаларын дәлелдеу үшін дереккөздер ретінде «Моңғолдың құпия шежіресі» атты тарихи шығармасы, Рашид ад диннің «Жамиғат ат тауарихы», Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі», Шығыс және Батыс елдерінен Шыңғыс ханның арнайы шақыртуымен келген, оның көзі тірісінде кездесіп, жүздескен және кейінгі тақ мұрагерлерімен тікелей қарым-қатынаста болған әулие, ойшыл, қайраткер, саяхатшылардың (даостық монах Чан Чун, Елуй Чуцай, Пэн Дай мен Сюй Тин, монах Джовани дель Плано Карпини, елші Гильом де Рубрук, венециялық көпес Марко Поло) жол жазбалары алынды. Мақаланың мақсаты тәңірлік діннің Шыңғыс хан заманындағы дамуы мен өзгерісі, Шыңғыс ханның діни ұстанымы, сабақтастығы туралы деректер бойынша компаративистикалық, мәдени-философиялық талдау жасау. Талдау барысында Мәңгі Аспан (Тәңір) сеніміне қатысты тың ойлар мен пікірлер ұсынылды.

Тақырыпты талдау барысында гуманитарлық және философиялық білімдерде кеңінен қолданылатын, тарихилық пен логикалықтың өзара байланысы, тарихи-компаративистикалық, абстрактылықтан нақтылыққа өту, жалпыдан жекеге өту, герменевтика іспетті тәсілдердің бірлігі қамтылады.

Түйін сөздер: Шыңғысхан, тәңірлік, шаманизм, «Мәңгі Аспан», дін, толеранттылық.

Shamakhay S.¹, Yessim G.²

¹Doctoral student specialty, e-mail: sh.saira@mail.ru

²Doctor of Philosophy, professor, academician NAS RK, e-mail: garifollaesim@mail.ru
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

Genghis khan: Tengrist belief and tolerance

In article is considered features Tengrist religion in the XIII century which is transformed from time Sumer and features development as the Eternal Sky on influence Genghis khan, his religious and philosophical conclusions, and is also shown the tolerant attitude to religious beliefs.

During Genghis khan's era were made changes to Tengrist beliefs of Mongols. For example, in Tengrist there were no ideas of paradise and hell. However, in connection with the excited actions, Sacred Chan Chun in whom was invited by Genghis khan appears concepts about aspiration to the benefit.

During this period religious beliefs of Mongols reach top, and is created. monotheist belief of the Eternal Sky. Genghis, the khan, taking Tengriism in the basis, proves the idea of the Eternal Sky and uses it: in the sky – Eternal Tengri, and on the earth – Kagan (Khan).

According to this principle, Sky (Tengri) carrier of world boundless will, only source of the divine power. It supports by the clemency Kagan. Kagan governs on behalf of Tengri and carries out heavenly will on the earth.

Kagan on the basis of the mind and charisma personifies heavenly grace. Both in the sky there is uniform Tengri, and on the earth there has to be one Kagan. Therefore, the Mongolian khan rules over all countries of the world «from rising to a sunset».

Besides, Chinghiz khan adhered to the principle of religious tolerance. He created the liberal precepts of law. It had a requirement: «All religions deserve respect, but any of them should not dominate». This requirement was observed also by Chingiz khan's descendants after his death. The younger son Genghis khan's Toluy and his spouse, poetess and the statesman Sorkaktani begy, Monke khan were guided by this rule as vital credo.

As the proof of the conclusions and the principles Genghis khan is brought in article monuments to writing as «The Secret History of the Mongols», Rashid-ad-Din's «Zhamigat at tauarikh», Abulgazy khan's «Shezhire Türk» and also traveling notes, historical works of art and compositions of various travelers, dervishes, wise men of the West and East invited in due time to the yard by Genghis Khan, meeting both with great Kagan and with his successors (the Taoist monk Chan Chun, Eluy Chutsay, Peng Dai and Xu Ting, the monk Giovanni del Plano Carpini, the ambassador Guillaume de Roubrouc, the Venetian merchant Marco Polo).

The purpose of article is comparative, cultural – philosophical analysis of development and change of Tengrist during the era of Genghis khan, initial display of a research of its religious orientations. During the analysis were offered new ideas concerning belief in the Eternal Sky (Tengri).

During the research of a problem are applied, such methods of the philosophical and cultural analysis as unity historical and logical, a comparative, ascension from abstract to concrete, hermeneutics and the content analysis. The semiotics analysis of essence and nature of symbolical manifestations of inner world of the Turkic peoples and Mongols inherent in that era is carried out, they are studied on the basis of the signs characteristic of nomadic outlook

Key words: Genghis khan, Tengrist, «Eternal Sky», religion, tolerance.

Шамахай С.¹, Есим Г.²

¹PhD докторант, e-mail: sh.saira@mail.ru

²доктор философских наук, профессор, академик НАН РК, e-mail: garifollaesim@mail.ru
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

Чингиз хан: тенгрианская вера и толерантность

В статье рассматриваются особенности эволюции тенгрианства в XIII веке, т.е. религиозного мировоззрения, имеющего тысячелетнюю историю и восходящего к эпохе шумер, которое под влиянием Чингиз хана трансформировалось в культ Вечного Неба (Тенгри). В работе также поднимаются вопросы толерантного отношения правителя к религиозным направлениям.

В эпоху Чингиз хана были внесены изменения в тенгрианские верования монголов. Например, в тенгрианстве не были представления о рае и аде. Однако, в связи с проповедническими действиями приглашенного Чингиз ханом Святого Чан Чуна появляются понятия о божественном промысле и о стремлении к благу. В этот период религиозные верования монголов достигают своей вершины и формируется монотеистическая вера Вечного Неба. Чингиз хан, беря в основу тенгрианство, обосновывает идею Вечного Неба и использует ее так: на небе – Вечный Тенгри, а на земле – Каган. Согласно этому принципу, Небо (Тенгри – носитель мировой безграничной воли, единственный источник божественной власти. Он своей благодатью поддерживает кагана.

Каган правит от имени Тенгри и проводит небесную волю на земле. Каган на основе своего разума и харизмы воплощает в себе небесную благодать. Как на небе есть единый Тенгри, так и на земле должен быть один каган. Следовательно, монгольский хан правит над всеми «странами Поднебесной от восхода до заката солнца».

Кроме того, Чингиз хан придерживался принципа религиозной толерантности. Он сформировал либеральные правовые нормы. У него было требование: «Все религии заслуживают уважения, но ни одна из них не должна господствовать». Это требование соблюдали и потомки Чингиз хана после его смерти. Младший сын Чингиз хана Толуй, его супруга, поэтесса и государственный деятель Соркактали бегим, хан Монке руководствовались этим правилом в качестве жизненного кредо.

В статье в качестве доказательства заключений и принципов приводятся оригинальные памятники письменности: «Сокровенное сказание монголов», «Жамигат ат тауарих» Рашид ад дина, «Шежире Тюрк» Абулгазы хана, а также путевые заметки, исторические художественные произведения и сочинения различных путешественников, дервишей, мудрецов Запада и Востока, приглашенных в свое время ко двору самим Чингиз ханом, встречавшихся как с самим великим каганом, так и с его наследниками (даоский монах Чан Чун, Елуй Чуцай, Пэн Дай и Сюй Тин, монах Джовани дель Плано Карпини, посол Гильом де Рубрук, венецианский купец Марко Поло).

Целью статьи является компаративистский, культур-философский анализ развития и изменения тенгрианства в эпоху Чингиз хана, источниковедческий показ его религиозных ориентаций. В процессе анализа предложены ряд новых идей относительно веры в Вечное Небо (Тенгри).

В ходе исследования проблемы применены такие методы философского и культурологического анализа, как единство исторического и логического, компаративистика, восхождение от абстрактного к конкретному, герменевтика и контент-анализ. Проведен семиотический анализ сущности и характера символических проявлений духовного мира тюрков и монголов, присущих той эпохе, они изучены на основе признаков, характерных для номадического мировоззрения

Ключевые слова: Чингиз хан, тенгрианство, шаманизм, «Вечное Небо», религия, толерантность.

Кіріспе

«XIII-XIX ғасыр аралығында Шыңғыс ханның өмірбаяны мен билігі туралы көне көптеген шежірелер жазылды. Көне моңғол тілінде жазылғандарын атап айтсақ, «Моңғолдың құпия шежіресі», Алтан товч» (Лувсанданзан, 2015), «Алтын дәптер» (Рашид ад-Дин, 1952) «Көк дәптер», «Шар туджи», «Хадын Үндэсний хураангуй Алтан товч» («Хандардың қысқаша алтын шежіресі»), «Арван Буянт номын Цагаан түүх» (Ақ сөйлеген тарих), «Чингис эзний Алтан ургийн түүх Гангийн урсгал» («Өмір Шыңғыстың алтын ұрпағының тарихы «Құрыш ағысы»), «Дай Юан улсын Болор эрх» (Ұлы Юань мемлекетінің маржандары), «Алтан эрх» (Алтын сүзу), «Болор толь» («Жарқын жазу»), «Боржығын тайпасының тарихы» т.б. болып табылады (Қинаятұлы, 2008).

Орта Азия мемлекеттерінің тарихы туралы жазылған әлемге әйгілі құнды еңбектерге Рашид ад диннің «Жамигат ат тауарихы» (Рашид ад дин, 1952), Өтеміс-қажының «Шыңғыснамесі» (Өтеміс-қажы, 2006), Бабырдың «Бабырнамесы» (Бабыр, 2006.), Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасы» (Құрбанғали Халид, 2006), Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» (Әбілғазы, 2006), т.б. жатады.

Әбілғазы Бахадүр осы «Түрік шежіресін» жазуды бастаған шақта, Шыңғысхан туралы «Жамигат ат тауарихтан» басқа он жеті шығарманың болғанын айтады. (30 бет). Бұл ескертпеден сол кездің өзінде Шыңғыс хан туралы біршама еңбектер жазылғанын байқауымызға болады. Оған қоса, қазақстандық тарихшы В.П. Юдин Өтеміс қажының «Шыңғыснамесін» атауға болады (Юдин 1992:15). Ал әдеби сала бойынша да Шыңғыс хан бейнесін әр қырынан сомдаған көптеген романдар мен повестер, поэмалар, трилогиялар жазылған.

Ал Шыңғыс ханның көзі тірісінде кездесіп, жүздескен және ол туралы естеліктер жазып қалдырған саяхатшылар, елшілердің еңбектері бір төбе деуге болады. Мысалы, 1219 жылы Қытай билігінің Сун империясынан жіберілген елші Мэн Хунның «Моңғол-татарлар туралы жазбасы», Шыңғыс ханның шақыртуымен Оңтүстік 1220-1224 жылдар аралығында Бейжиннен жеткен даостық монах Чан Чунның «Батыс әлеміне саяхат жазбасы», 1218 жылы Шыңғыс ханның кеңесшісі болған Елуй Чуцай мырзаның «Батысқа саяхат туралы жазба» атты шығармасы, 1233 және 1235-1236 жылдары екі мәрте Қытайдың Оңтүстік Сун сарайынан дипломатиялық қатынас үшін жіберілген Пэн Дай мен Сюй Тин қызметкерлерінің «Қара та-

тарлар туралы қысқаша мәлімет» атты жазбасын атауға болады (Оловинцов, 2013).

Ал 1246-1247 жылдары Батыс елінен моңғол ханына алғаш болып келген монах Джовани дель Пано Карпинидің «Біз татар деп атаған моңғолдар тарихы» жазбасы, 1253-1255 жылдар аралығында патша IX Людовиктің жіберген елшісі Гильом де Рубруктың «Шығыс елдеріне саяхат» жазбасы, 1271-1295 жылдар аралығында венециялық көпес Марко Полоның «Әлем ғажайыптары кітабы» деген шығармасы бар.

XIII ғасырда жазылған шығыстық және батыстық жазбаларының қай қайсында да моңғолдардың негізгі сенімі Мәңгі Аспан (Тәңірі) болғаны дәлелденеді.

Моңғолдар ежелден «Тәңірдің қаһарына ұшырау», «жын-перінің зияны тию», «жаман ырым» деген сөздерді жамандық, кесапаттан қорыққандықтан айтқан. Алайда, моңғолдардың жамандық жасамай, сауап жинауға талпынысы тек құдайлық іліммен байланысты туындаған екен. Шыңғыс ханның шақыртуымен келген Әулие Чан Чун моңғолдарға тек «жақсы іс жасап, сауап жинауды» тапсырған. (Ганбаатар, 2010).

«Әулие Чан Чун бомбының «Батыс әлеміне саяхаты туралы жазбасы» деген шығармасы XIII ғасыр Моңғол тарихына қатысты құнды деректердің ірі қайнар көзі болып табылады. Моңғолдар ежелден Бомбы салты, ережесі деп атап келген даосизм көсемі Әулие Чан Чун (бомбы) Шыңғыс ханның арнайы шақыртуымен 1220-1223 жылдар аралығында қазіргі Қытайдың Шаньдун ауданынан Моңғолия, Қазақстан, Қырғызстан мекендерін басып өтіп, Ауғанстан жері Гиндугуш алқабына дейін мыңдаған шақырым жол жүріп, Ұлы Қағанға жолыққан тарихи оқиға осыдан сегіз жүздей жыл бұрын болған екен.

Шыңғысханның жарлық, ниет, тілегімен орын алған бұл оқиға тек ғана бұл екі адамның жеке мәселесі емес еді, сол кездегі дүниежүзі тарихына белгілі дәрежеде ықпалын тигізген еді. Бұл кездесуден Шыңғыс хан Әулие Чанчунь бомбыдан ұлы империяны басқару ілімі, тәртібі туралы тыңдап, сонымен қатар денені сауықтыру мәдениеті, емдеу жайлы шығыс іліміне қаныққан екен.

Бұл шығарма моңғол жерінде болған атақты саяхатшылар Марко Поло, Пано Карпини, Вильгельм Рубруктардың жол жазбаларына тең келерлік тарихи құнды еңбек. Бұл еңбекті қытай тілінен моңғол ғалымдары Я. Ганбаатар, Ц. Ганбаатар аударып, көпшілікке ұсынған (Ганба-

атар, 2010). Сонымен қатар, олар бұл кітапқа Шыңғыс ханның тоғыз уәзірінің бірі Жүршіттің Чу Мергені аталған Елуй Чуцайдың жол жазбасын да қоса енгізген екен.

Атақты саяхатшы Марко Поло: «Шыңғыс ханның кезінде моңғолдар «Адам бұл өмірде сауапты іс жасап, өзгелер үшін шынайы ниетпен өмір сүрген болса, өлген соң оның жаны нұрланып, құдайдың шапағатына бөленеді, ал егер, өмірде жамандық көп жасаса, онда жаны нашарлай түседі де, ақыры жын-періге айналады» деген құдайдың өсиеті бойынша өмір сүреді» – деп (Бүрэнжаргал, 2012) жазған. Жоғарыда аталған тарихи жазбалардан Шыңғыс ханның діні туралы сан түрлі мәліметтерді кездестіруге болады.

Осыған дейін Шыңғыс ханның өмірі, билігі туралы тарих, тіл, әдебиеттану, әскери істер, этнография тұрғысынан зерттеулер жасалса да, әсіресе, отандық ғалымдар арасында Шыңғысханның діні мен оның діни толеранттылығы туралы іргелі зерттеулер жоқтың қасы болып отыр. Сондықтан да осы мәселені мәдени-философиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

«Құпия шежіре» мәтініндегі тәңірлік. («Мәңгі Аспан»). Тәңірлік дін сонау шумерлер заманынан келіп, ғұндар кезінде мемлекеттік дін, идеологияның міндетін атқарып, одан кейін Көк Түрік кезінде «Көк Тәңірі» діні ретінде сабақтасқан көшпенділердің мыңдаған жылдар тарихы бар ерекше дін.

Моңғол ұлт, тайпаларының бірігіп қаһарлы мемлекет құрып, дүниежүзін шарлай соғыспен бағындырған тарихи оқиғаларға байланысты Монғолдардың діни көзқарасы да өзінің биік шыңына жетіп, мәңгі аспанның монотеистік сенімін құрды. Шыңғыс хан шаманизмді негізге ала отырып, Мәңгі Аспан (Тәңір) идеясын теория дәрежесінде қорытып, қолдана білді. Бір сөзбен айтсақ, Ұлы Моңғол мемлекеті кезінде тәңірлікке «мәңгі» сөзі қосылып дами түсті.

Сөзіміз дәлелді де, дәйекті болу үшін біз тарихи құжат ретінде, әсіресе 1240 жылы моңғолдың хан ордасында жазылып біткен шежіредегі мәліметтерді қарастыратын болсақ, әлемге «Моңғолдың құпия шежіресі» деген атпен әйгілі болған бұл мұрада Мәңгі Аспан (Тәңірі) сөзі жиі қайталанатын.

«Құпия шежіреде» Шыңғыс хан: «Мәңгі Аспан білсін!», «Бадай, Күшілік екеуі менің құтқарып көмектескендіктен, Мәңгі Аспан ризалығына бөленіп, жеңіп, биік дәрежеге жеттім, мен»; Шыңғыс хан: «Шабуылдан соң

кімнің жеңерін Мәңгі Аспан (Тәңір) біледі» ...» (Дамдинсүрэн, 1990а:153) – деген сөздерінен Тәңірдің құдіретін сезініп, оған табынған бірден бір адам Шыңғыс хан болғандығы байқалады.

«Құпия шежіренің» Шыңғыс ханның ата-баба тегі туралы баптарында Шыңғыс ханның арғы атасы «көктен бұйырған несібемен туғаны» айтылады. Яғни, моңғол аңыздарына сай, Шыңғысхан әулетінің Тәңірмен байланысы бар екені айқын болады. Шежіренің 21-бабында Шыңғыстың арғы аналарының бірі Алан-Гоа өзінің үш балаға жүкті болғанын түсіндіргенде: «Түн сайын бір ақсары адам үйдің шаңырағын жап-жарық қып кіріп келіп, менің құрсағымды сипағанда, оның нұры жатырыма сіңіп кететін. Ол адам шығар күн мен батар айдың арасында сары итше бұлғаңдап шығып кететін» (Дамдинсүрэн, 1990ә:28) – дейді. Мұнда жалпы фольклорда кездесетін ғажайып туу мотиві бар екендігін ескерсек, мифтің шығу төркіні ғұн дәуірімен сабақтас екені белгілі. Тотемдік ұғымдарды кие тұту түркі қағанаты құрылғанға дейін кең қанат жайса, кейінгі дәуірде ірі қағанаттың орнауына байланысты бұрынғы мифтік ұғымдар өзгеріске ұшырап, аңыздық прозаның басқа жанрларының тууына мүмкіндік жасады. «Шежіре» осы тараптан келгенде аңыздық прозаның әртүрлі жанрынан мағлұмат беріп ғана қоймай, жанрдың даму заңдылығын, өзгеріске түсу мүмкіндігін де танытады. Жалпы дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтердің көбінде күн нұрынан туу мотивін кездестіруге болады (Шекен, 2013).

Ал Тәңірдің қолдауы деген идея шежіренің өн бойында үнемі байқалады. Әсіресе, Шыңғысханның басына түскен қиыншылықтардан, дұшпандарынан құтылуы, сан мәрте жауларын жеңуі тек Тәңірдің қолдауымен жүзеге асып жатқандығы айтылып отырады. Ал, Шыңғысханның кейінгі избасарларының жарлықтарында да «Мәңгі Аспанның (Тәңірдің) қамқорлығымен» деген сөз міндетті түрде кездеседі.

Шыңғысхан «Мәңгі Аспанға» (Тәңірге) табынып, шаманизмді ұстанған. Академик Ш. Бира жазғандай, «Тәңірге табынуды Шыңғысхан моңғол тайпаларын біріктіріп, империя құру саясатының маңызды ұстанымы ретінде шебер қолдана білді. Ал шаманизмді Моңғол елінің мемлекеттік дәрежедегі дәстүрлі діни ғұрпы етті. Шыңғысхан Нирун моңғолдарының ішіндегі ең тұңғышы болып есептелетін Барын тайпасының Үсен ақсақалына ақ шапан кигізіп, ақ атқа мінгізіп, бек атағын береді. (Бира, 2006.)

Бұдан Шыңғысханның киіз туырлықты қалың халықтың көңілін тауып, бір ортаға жинауға ежелгі нанымды пайдаланудың аса қажеттілігін ескергендігі байқалады.

Тәңірлік наным алғаш рет Қытай Қорғанының солтүстігіндегі Ішкі Азия даласының ежелгі көшпенділері арасына тарап, кейін олардың санасын жаулап, таңқаларлық ұзақ уақыт бойы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтаса келіп, моңғолдардың ұлы дәуірлеу шағында жоғарғы шегіне жетті. «Мәңгі Тәңір құдіретімен, хан даналығының шапағатымен» деген сөз тіркесімен басталатын қызметтік хаттар Азия, Еуропа халықтарына жолданып жататын еді (Чоймаа, 2015). Мысалы, 1845 жылы Днепр өзенінің маңынан «Monh tengriin huchin dur, Haganii suu zaliin iveel dur...» – Сөзбе-сөз аудармасы: «Мәңгі Аспан (The Eternal Sky) құдіреті астында, Қаған (Khan) даналығының шапағатымен» жазуы бар елшілердің мойынға тағатын күміс тұмары табылған еді. (Хуяг, 2014). Қазір бұл тұмар Санкт-Петербург қаласының І Петр патшасы музейінде сақталуда. Бұдан «Көкте – Тәңірі, Жерде – Қаған» концепциясын байқауға болады. Тәңір (Heaven) және Қаған (Khan) деген қос наным айқындалып тұр, ал олар дүниедегі жоғарғы ерік, құқықтың екі негізгі бөлігін құрайды.

«Құпия шежіреде» Аспан мен Жер туралы: «Аспан мен Жер келісіп, Темүжінді хан етті», «Аспан мен Жердің тағдыр мезгілі», «Ата-ана мен Жер-Ананың аялы алақаны» (Дамдинсүрэн, 1990б:73) – т.б. сөздерінен аспанды әке ретінде, жерді ана ретінде ұғынуынан діни танымның дамып белгілі бір дәрежеге жеткенін көрсетеді. Кейде моңғолдар «Табиғатты Құдай ретінде, Құдайды табиғат ретінде түсініп» пантеистік көзқарас танытады.

Шыңғыс хан және алтын тұқымдастар, ел басқарушылар, Шыңғыс әскерлері, бәрі де Тәңірге бағынып, шаманизм шарттарын орындап, сеніп келгендіктен XIII-XVI ғасырлар аралығында ешқандай өзге дінге еріп, сіңіп кетпеді. Шамандық оларды ержүрек, шыншыл, әділ, ақкөңіл етіп тәрбиелей алды. Шаманизм кәдімгі қарапайым өмірден өз ішінен туындағандықтан, оларға етене жақын болды. Оның құрған Моңғол мемлекетінің саяси ұстанымы шаманизмдік табынуға емес, шаманизмнің идеясына бағытталған.

«Шаман» атауының шығу төркініне көз жүгіртсек: өте ертеде жапондар көне будда ілімінің монахтарын «шоман» деп атаған. Екінші, нұсқа – Қиыр Шығыста өмір сүрген эвенкі және тұңғыс халықтарының тіліндегі «Са-

ман» (saman) атауынан «шаман» сөзі шыққан делініп жүр. Осындағы «Саман» сөзі «білу», «түйсіну» деген ұғымды білдіреді екен. Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол акын да, күйші де, сәуегей және әнші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз монғолша оқытушы, ұйғырлар *бахшы* десе, түркімендер осы атаумен өздерінің ақындарын атайды. Командар шаманды кам деген, сібір татарлары да дәл солай атайды.

Жалпы шаманизмді әлемдік дәрежеде ғылыми айналымға енгізген адам монғол-бурят тұқымынан шыққан этнограф-ғалым Доржи Банзаров (1822-1855). Бұл кісі Шығыс-Сібір генерал-губернаторы Н.Н. Муравьевтің тапсырмасымен арнайы зерттеулер жүргізген. Банзаровқа дейін «шаман-шаманизм» жайында ешқандай ғылыми ұғым-түсінік болмаған. Д. Банзаровтың шаманизмді зерттеп, жазған еңбегі 1846 жылы «Черная вера или шаманства у монголов» деген атпен жарық көрген. Еңбек шамандық жайлы жазылған алғашқы туындылардың бірі болып саналды. Осыдан кейін «шаман» жеке зерттеу объектісіне айналды. Сондай-ақ, «Тюркский шаманизм» (В.Н. Потапов), «Алтайский шаманизм» (А. Алексеев) т.б. еңбектер жарық көрді. Кеңес кезінде арнайы қаржы қарастырылып, ғалымдар тобы жұмыс істеді.

Банзаров өз еңбегінде қазіргі монғолдар буддизмнің элементтері мен шаманизмнің қалдықтары қосылған «қойыртпақ» дін ұстанып жүргенін айтса, қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов: «Қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дін құрайды... Осы екі діннің, қазақ нанымына мидай араласуына ертеден келе жатқан шамандық негіз болды демекпіз» дейді (Уәлиханов, 1985). Сонымен қатар, Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты очеркінде шамандықтың әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын кастерлеу, аруағын ардақтау екендігін айтқан.

Шаманизм дін емес. Шаманның іс-әрекеті көбіне жын шақыру, жындармен байланыс арқылы жүзеге асады. Әрі тау-тас, тал-терек, жан-жануар т.б. табынады. Онда күнә дейтін ұғым жоқ.

Орыс ғалымы И.С. Вдовин шаманизм эволюциясындағы үш кезеңді атап көрсетеді. Алғашқы шамандар тек науқасты емдеумен,

көріпкелдікпен, болашақты болжаумен, табиғат күштерін тыныштандырумен айналысады. Келесі кезеңде шамандар кейбір қауымдық діни әдет-ғұрыптарды орындауды узурпациялайды. Соңғы кезеңде барлық қауымдық және отбасылық әдет-ғұрыптар шамандардың жетекшілігімен өтеді (Вдовин 1965:265).

Е.В. Ревуненкованың пікірінше, шаманизм дін емес, сондықтан кез келген діни жүйемен оңай сіңісіп кетеді. Автордың анықтауынша шаманизм – айырықша дүниетаным жүйесі, онда ерекше рәсім, айрықша адамдар тобы арқылы ғарыштың үш деңгейінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы көзқарас көрініс тапқан, онда дүниетанымның рационалды, иррационалды көркем образды элементтері тоғысады (Ревуненкова 1980:243).

«Құпия шежіреде» Шыңғыс хан заманының тәңірлікке табынғандығы туралы және шамандықтың салттарын ұстанғандығын дәлелдейтін мәліметтер көптеп кездеседі. Кейбір мысалдарына тоқталар болсақ, «Құпия шежіренің» 80-бабында: «Темүжін (Шыңғыс) орман ішіне үш түнеген соң, қайтпақ болып, атын жетелеп келе жатқанда, ері сыпырылып түседі. Қайырылып қараса, ерінің айылы да, өмілдірігі де ағытылмаған екен. «Айылым сыпырылуы мүмкін, бірақ өмілдірік қалайша сыпырылды? Тәңірім бір нәрсе сездіріп тұрған болар» деп, қайтадан орнына барып, тағы да үш түнейді. Енді орманнан шығайын деп келе жатса, шығар жолда үйдей ақ тас кептеліп қалыпты. «Тәңірім тағы да бір нәрсе сездіріп тұрған болар» деп қайтадан орнына барып тағы да үш күн түнейді. Сөйтіп аштан-аш тоғыз күн өткен соң, «Бұлай атақ-абыройсыз өлгенше, шығайын» деп, манағы ақ отаудай үлкен тасты айналып, оқшы пышағымен жолдағы ағаштарды қырқып отырып, атын жетектеп шыға келгенде, аңдып тұрған тайшуыттар ұстап алады» – (Дамдинсүрэн, 1990в:48) делінген.

«Құпия шежіренің» 103-бабында: «Темүжін Бұрқан тауына түсіп, бас киімін алып, белбеуін мойнына салып күн тұсқа қарай Бұрқан Халдун тауына 9 рет тәу етіп, тағзым жасап, шашу шашады» – (Дамдинсүрэн, 1990г:58) делінген. Ал, шежіренің 244, 245, 246-баптарында Шыңғыс ханның сеніміне әбден кірген бақсы, көріпкел Теп-Теңгірдің сәуегейлігі және оның ақыры тым астамшылдық жасап, Шыңғысхан әулетінің ағайындар арасына от салуынан хан тарапынан қаза табуы туралы айтылады. Бұдан Шыңғыс ханның шамандық сәуегейлікке аса әуес болмағандығын байқауға болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы Тәңірге табыну, белбеуді мойынға салу, тауға тәу ету, шашу шашу, құрбандық бақсыға сену т.б. әрекет, салттар сонау көне үйсін, ғұн, түркі заманынан осы кезге дейін Орта Азия халықтарында сақталып келеді. Тарихта тура осындай мойынға белбеу тағу салты оның кейінгі ұрпақтарында кездеседі. Немересі Акбар қатты ауырып өлім аузында жатқан кезде Ұлы Моғал әміршісі Бабыр шах тәңірге тәу етіп бас киімін шешіп, белбеуін мойнына салып Акбарды үш рет айналып шығып Алладан немересінің орнына өзін алуды сұрайды. Үш күннен соң Акбар жазылып, Бабыр 53 жасында дүниеден өтеді. Бұл жерде белбеуді мойынға салумен қатар, айналу салтын көруге болады. Бұл «айналу» салты қазақтарда ауызекі сөзде символдық түрде сақталған. Мысалы, жақсы көрген баласын «айналайын» дейді. Шын мәнінде «айналу» сөзінің жауапкершілігі үлкен болса керек. «Баламның бойында ауру-сырқау, бәле-қаласы болса, айналу арқылы өзіме алайын» деген мағынада айтылған екен.

Немістің атакты ғалымы Г. Дөрфер байырғы түріктердің наным, дін дәрежесіне көтерілгенін баса айта отырып, бұл дін монотеизмге (бір құдайлыққа) жақын деген тұжырым жасаған. Ол байырғы түріктердің дінін «тәңірлік» (тенгризм) деп атай отырып: «... бұл дін даму тарихында үш кезеңді басынан өткізген болуы әбден мүмкін. Олар: тотемдік, шамандық және *sit venia verbo* тәңіршілдік», – деген қорытындыға келген (Doerfer, 1965).

XIII ғасыр басында моңғолдарда дуалистік көзқарас басым болды. Аспанды да, жерді де алғашқы бастама ретінде мойындады. Олар жан, рухтың барына сенгенін олардың ауызекі сөзінде «жаным шығардай қорықтым» деп айтуы жанды денеден бөлек қарастырғанын білдіреді. «Құпия шежіреде» моңғолдар Шыңғысханды қайтыс болғанда «аспанға қайтты» дейді. Бұл моңғолдардың адамгершілік, сана, жан, рухтың бәрі аспаннан келіп, аспанға қайтады деген көзқарастарының дәлелі. Ал адамның денесі жерден жаралып, қайта жерге сінеді. Сондықтан да, жерді «өлгенде жатар жерім» дейді.

Шыңғысхан «Мәңгі Аспанды» Жаратушы ретінде мойындады. Оның саяси философиясының тамыры мәңгі аспанның монотеистік ұстанымы болып табылады. Бір сөзбен айтсақ, моңғолдар Шыңғысхан заманынан бастап монотеистік бағытты дамыта бастады. «Мәңгі Аспан» (Тәңір) – материя мен рух деп бөлінбеген біртұтас бастама еді.

Егер Мәңгі Аспанды Шыңғыс ханмен байланыстырсақ, ол тайпалық сенім болып табылады. Бұл сенім бірте-бірте Моңғол ұлысының мемлекеттік дін міндетін атқарып, сондай-ақ, күллі моңғол ұлттарының діні ретінде қалыптасуы мүмкін. Тарихта осындай тайпа көсемдерінің сенімі жалпы ауыл, аймақ, ұлт, мемлекеттің діні ретінде қалыптасып кететін мысалдар көптеп кезігеді. Ұлт, мемлекеттің басшылары жаңа дін қалыптастырып, ескі дінге жаңашылдық енгізуде көп міндеттер атқарып келген. Мәселен, Иудаизмдегі Ехова болса Абрахам, Исаак, Иаков, Мосе сынды тайпалардың табынатын сенімі ретінде пайда болып, кейіннен күллі Израиль ұлтының иудаим діні ретінде қалыптасты (Гэрэлбаатар, 2014). Олай болса, «Мәңгі Аспан» да Шыңғыс ханның ұлыс, тайпалық сенімі ретінде қалыптасып, кейіннен ұлттық дәрежеге дейін жеткен болуы мүмкін.

«Көкте – Аспан (Тәңір), Жерде – Қаған» («Мөнх тэнгэрийн хүчин-дор, хаганы суу залийн ивээл дур...») тұжырымдамасындағы Тәңір (Аспан) және Қаған деген қос ұғым «Аспан – Әке, Жер – Ана» деген шаманизмнің қос үлгісінен туындаған болуы мүмкін болғанымен шын мәнінде мемлекеттің саяси тұжырымының мағынасын береді. Аспан (Тәңір) әлемдегі шексіз ерік, биліктің жалғыз Құдайы. Ол өзінің шапағатымен Қағанды қолдайды. Қаған тәңір атынан билік етіп, аспан жарлығын жер бетіне жүзеге асыруға міндетті. Қаған өз парасатының, харизмасының көмегімен аспан қалауына, шапағатына бөлене алады. Жоғарыда бір аспан тәңірі болса, жерде бір ғана қаған болуға тиіс.

Шыңғысхан ұстанған діни толеранттылық. Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық қандай да бір өркениетті қоғамға тән құбылыс.

Шыңғыс хан өз заманындағы дүние жүзі елдерінің хан, басшылары сияқты бір діннің ғана, яғни, өздерінің қабылдаған дінін қорғап, оны өзге жұртқа насихаттау сияқты діни фанатизмге ұрынған жоқ. Ол өзінің зайырлы және салауатты дүниетанымының арқасында өз ұстанған дінін өзге дінге айырбастамады, ал өзге дінді сыртқа теуіп, олардың наным-сеніміне тиым салмады. Керісінше, қай діннің болсын шіркеу, мешіт, монастырларын, діни ұйымдарын мемлекеттік салықтан босатты. Барлық діндерге тең қарау саясатын Шыңғыс ханның мұрагерлері де ұстанды. Түрлі діни наным-сенімге, нәсілдік ерекшелікке, мәдениет, салт-дәстүрге деген құрмет көрсету,

толеранттық таныту, еркіндік беру ұлы империя үшін ең маңызды мәселе екенін түсінгендіктен болуы мүмкін.

Парсы тарихшысы әрі мемлекет қайраткері Ата – Мәлік Жувейни өз еңбегінде: «Моңғол елі әу бастан түрлі діни мәселелерге жиі тіреліп отырғандықтан оларға толерантты қатынасу саясатын ұстануға тура келді. Шыңғыс хан ешқандай діннің фанаты болмағандықтан, қандай да діннің өкілі болмағандықтан діни фанатизмді, бір діннен екіншісін артық көруден аулақ болды. Бірақ ол әрбір діннің көсемдерін қатты сыйлады және бұл саясатын жұмаққа барар бірден-бір жол деп есептеді. Ал оның балалары, ұрпақтарына келсек, олардың біршамасы өз қалаулары бойынша түрлі діндерді қабылдады. Ал кейбіреулері өз ата-бабасы ұстанған дін қағидаларын ұстанды. Дегенмен олар да діни фанатизмнен аулақ болды. Шыңғыс ханның «Жаса» заңында діннің барлық салаларын тең көру міндеттелген» (Джувейни, 2004) – деп жазған. Ата – Мәлік Жувейни XIII ғасырда Қарақорымға келіп сол заман оқиғаларын көзбен көріп, бастан өткерумен қатар, Моңғол хандарының қасында уәзірлік қызмет атқарғандықтан, оның еңбегінің құндылығын айтпасақ та, түсінікті болар.

Ал, бұл Жувейнидің жазғандарын илхан Аргунның 1290 жылы Католик дінінің папасы IV Николайға жолдаған хаттардың мағынасы дәлелдейді. IV Николай 1288, 1289 жылдары Аргунға жолдаған өз хаттарында оны христиан дінін қабылдауға үгіттеген еді. (Чоймаа, 1991).

Жалпы XIII ғасырда көшпенділер арасында діни түйткілді мәселелер туындап отырған. Мәселен, 1204 жылы Шыңғыс ханнан жеңіліп қашқан Таян ханның ұлы Күшілік хан өзіне ілескен елмен туысқан қарақытай билігіндегі өлкеге өтеді. Мұнда ол қошаметпен қабыл алынып, қартамыс гүрхан Жылыгудің қызына үйленіп, кейін осы мүмкіндікті пайдаланып, ел билігін тартып алды. Қарақытай (қарақидан) тағына отырады. Хорезм, Самарканд, Осман елдері сол кезде Жылыгуге бағынатын еді. Күшілік хан таққа отырғаннан кейін ислам дінділермен қатал әрі жауыз қатынаса бастады. Ол кезде найман тайпасының көбісі христиан дінінің несториан бағытын қабылдаған еді. Күшілік те несториан болды. Ал Жылыгудың қызы будда дінін қабылдағандықтан Күшілік те несториандық сенімін тастап, будда дінін қабылдай бастайды. Күшілік өз қол астындағы халқын ислам дінін тастап, христиан немесе будда дінін қабылдауды бұйырып, күш қолданады. Бір күні Күшілік хан елді қаланың орталық алаңына жинап: «Егер

христиан және будда дінінің ұстанымы жайлы дауласатын адам болса ортаға шықсын» – деп бұйырады. Сонда ислам діншілдерінің бас имамы Мұхаммед алға шығып, бұл бұйрыққа қарсы екендігін айтып дауласады. Сонда Күшілік хан ашуланып, оны небір сөзбен қарғап-сілейді. Ал Мұхаммед болса: «Жаратушының жауы, кәпірдің тілі құмға көмілсін» деп айқайлайды. Ал ашуға булыққан Күшілік Мұхаммедке: «дініңді өзгерт» деген бұйрығына қасарысқаны үшін, оны мешіттің кіреберісіне денесін керіп, шегелеп, қинап өлтіреді. Бұдан кейін, көп уақыт өтпей, Жебе басқарған Шыңғыс хан әскерлері Қарақытайды басып алады да, Шыңғысханның елдегі дін еркіндігін сақтайтындығы туралы бұйрығын жария етеді. Бұл бұйрықты естіген Қарақытайлықтар Шыңғыс ханға өз еркімен өтіп, Күшілік хан әскерінің көзін жояды (Нарангэрэл, 2014). Осылайша, Күшілік хан өзінің дінге деген қатынасы үшін біржола жеңіліс тапқан.

Шыңғыс хан өз күшін нығайтып, билігін кеңіткен соң ешқандай да дінге басымдылық беріп, артық құқық бермеді (Сайшаал, 2015). Шыңғыс хан: «Төрт Жоғарғы Тәңірді (Будда, Моисе, Иса, Мұхаммед) сыйлап, қасиет тұтсын» деген екен. Бұл тәртіпті ол арнайы «Жаса» заңы аясында бекітті. Сондықтан да, Шыңғыс хан айналасында барлық дін өкілдері тату болды.

«Шыңғыс ханның Жасасы» деген атпен белгілі заңдар жинағы оны хан көтерген 1206 жылы жария етіліп, 1218 және 1224 жылдары қайта қаралып, біржола бекітілді деген болжам бар. Зерттеушілердің айтуынша «Шыңғыс ханның Жасасы» «Жаса» және «Білік өсиеті» сияқты екі бөлімнен тұрады.

Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» айтылғандай, Шыңғыс хан дәуірінен бастап, ұлы қағанның айтқан сөздерін күнбе-күн жазып алу дәстүрі қалыптасқан. Осыған орай, хан бұл мақсат үшін, көбінесе, ұйқасты, тұспалды, жатық әрі мәнді сөздер айтатын болған. Бұндай терең мағыналы сөздерін жазып алу үшін әрбір атақты Шыңғыс хан ұрпағының қасында өзінің білімді бітікшісі, ерекше жазғышы, хатшысы болған.

«Жаса» Шыңғыс хан империясының әскери-құқықтық заңдарының жинағы деп ресми құжаттарда танылады. Өз заманында ата заңдай болған бұл екі құжаттың алғашқысында, яғни «Жасада» әртүрлі іс-әрекеттердің, әскер құру тәртібінің, ел билеу жүйесі мен қылмыстардың тізбесі берілген және кінәлі адамдар тартатын жазалардың түрлері көрсетілген, ал «Білік» соттағы тергеу ісі мен сот жүргізу тәртібін

белгілейтін Шыңғысханның өсиетнамаларынан тұратын мұрасы деп қарауымыз керек. Басқаша айтқанда, Шыңғысханның «Жасасы» оның ұрпағы мен қол астындағы халықтың орындауға тиісті заңдастырылған жарлығы болса, «Білік» «Жасаны» бұзушыларды соттайтын іс жүргізу кодексі деп қаралғаны жөн. Бертін келе, түркі-моңғол тайпалары осы «Жаса» заң ережелерін дәстүрлі құқық нормалары есебінде қолданып, басқа заңнамалық құжаттарды қажет еткен жоқ (Құнтөлеуұлы, 2006).

Шыңғыс хан қалыптастырған либералды заң нормаларына сай қойылған «Барлық діндер бірдей құрметке лайық, бірақ олардың бірдебірі үстемдік ете алмайды» деген талабынан ханның барлық діндерге (ислам, христиан, будда) толеранттылық танытып, сыйластықпен қарағанын байқауға болады.

Бұл талап Шыңғыс хан дүниеден өткен соң да, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, жалғасын тапты. Бірнеше мысалдар келтірер болсақ, әсіресе, Шыңғыс ханның кіші ұлы Толуидың жұбайы Сорқактани бегім Шыңғыс хан ережелерін өз өмірінің қағидасы етеді. Сорқактани жастайынан кітапқа құмар, шешен тілді ақын болумен қатар, мемлекеттің ірі саясаткері болды. Ол барлық діндердің басын біріктіре білді. Барлық дін өкілдеріне аса құрметпен қарады.

Сорқактани бегім туралы моңғол, қытай, парсы тілінде тарихи деректер көп. Плато Карпини, Рашид ад-дин, А. Жувеини өз еңбектерінде Сорқактани бегім туралы жоғары баға берген. Сорқактани бегім Бұқар қаласына 1000 бала сиятын мектеп ашып оқытады. Сорқактанидың құрметіне ол күні бүгінге дейін «Ханым мектебі» аталатын көрінеді. XIII ғасыр парсы тарихшысы Әл-Жувеини «Тарих-и жаһангушай» («Genghis Khan the history of the world conqueror») атты моңғолдар тарихына арналған үш томдық еңбегінде былай деп жазады: «Two edifices of lofty porch and firm foundation that were built in this place at this period ere the Madrasa-yi-Khani built by Sorqotani», «...мұсылман елдерінің ешбір қаласы Бұқарға тең келмейді, Бұл күнде Сорқактани салдырған еңсесі биік, іргесі берік, сәулеті асқан екі ғимарат бар. Бірі, Хан медресесі (Madrasa-yi-Khani), енді бірі Мәсіғұт медресесі (Madrasa-yi-Mas'udya). Бұл ғимараттарда күн сайын мыңдаған шәкірт қайырлы зерттеулермен шұғылданады. Олардың ұстаздары бүгінгі күннің ғұламалары, заманымыздың даналары», – (Juvaini, 1997) деп жазылған.

Сорқактани бегім өзінен туған төрт ұлын Шыңғыс ханның өсиетімен, қатал талаппен,

ақылымен тәрбиелеген себепті, балалары Мөңке, Құбылай, Арықбұқа, Құлағу есімдері елге жайылып, олардың үрім-бұтағы 400 жыл ел билеген Алтын тұқым хандары болды.

Тағы да бір мысал, Мөңке ханның барлық дінге бірдей қатынас жасайтындығы туралы француз елінен елшілікпен Қарақорымға келген Рубрук бір күні ханның барлық дін өкілдерін жинап, өзара қасиетті кітап ілімін, үгіт-насихатын таластырғандығы туралы қызықты мәліметті жазып қалдырған (Рубрук, 2000).

Рубрук былай деп жазады: «Мөңке хан біз Тәңірдің құдіретімен барлығымыз туып, өлеміз. Біз Тәңірге шынайы адал жүрекпен, ниетпен қараймыз» – деді. Ал менің айтқаным: «Бұл жүрек, көңілді Құдай сізге береді, Құдайдың шапағатынсыз бұл өздігімен болатын нәрсе емес» дедім. Ол тілмаштан не деп айтқанымды сұрады, содан соң тілмаш аударып жеткізді. Хан жалғастырып: «Құдай адамның қолына көптеген саусақтар жаратқандығы тәрізді түрлі жолдар да берген екен. Құдай сендерге қасиетті кітап бұйырған екен. Бірақ сендер оны шынайы ұстанбайтын сияқтысыңдар. Сіздің діндегі ілім бойынша өзгелерді терістеуге болмайды делінген деп айтыпсыз. Бұл рас па?» – дегеніне: «Жоқ, тура солай жазылмаса да, сізге әу баста айтып едім, мен ешкіммен пікір таластырмаймын деп» дедім. Сонда хан: «Бұнымен сізді айтпап едім» деді де: «Ақша, байлыққа бола адам шынайы жолдан таймайды деп жазылғаны рас па?» дегенде мен: «Жоқ, аса мәртебелім, мен бұл жаққа пайда көздеп, ақша табуға келген жоқпын, сондықтан да өзгелердің ұсынған ақшасынан бас тарттым» дегенімде, өзге бір уәзір менің сөзімді растап, бірде жібек, матадан бас тартқанымды екенсіздер. Ал Құдай бізге бақсы, балгерлерді бұйырған екен. Біз солардың айтқаны бойынша жүреміз, сонымен де аман-есен өніп өсудеміз» деді. Мөңке ханның ордасында барлық дін өкілдері араның балына үймелеген шыбындай құжынап жиналған сәтте хан барлығына ас беріп, күтетін еді. Бұл жағдай өзінің ғана дінін мойындайтын Рубрукқа жағымсыз көрінетін еді. (Рубрук, 2000).

Мөңке ханның Рубрук арқылы Француз ханы Людовикке жолдаған хатында: «Мына дүние жүзін, барлық дін қызметкерлерін аман-есен, өзара тату-тәтті етіп, олардың барлығына Тәңір жарлығын естірту үшін біз

сол дін қызметкерлерімен бірге Моалдардың (Рубруктың моңғолдарды атауы) елшілерін сізге жібердік» (Рубрук, 2000) – делінген.

Буддизм философиясы адамның күнә жасаудан алшақ болуын, жақсы істер жасауды, сауап жинауды, тірі жанды өлтірмеуді, өзгені бермегенін алмау, жаман сөзден аулақ болу, өтірік айтпау, ағзаны улайтын заттан аулақ жүру, өзгені жарымен байланыспау т.б. адамгершілік қағидаларын үйретеді.

Христиан діні әке-шешені сыйлауды, адам өлтірмеу, өтірік айтпау, ұрламау, жалған куәгер болмауды, өзгені қызғанбауды үйретеді. Ал ислам діні болса барлық адам Алланың алдында тең екендігін, Аллаға құлшылық етуді, әйел адамның еркек адамды бақытты қылу үшін жаралғандықтан еріне бағынуды, әділ, адал болуды, кедейлерге көмектесу т.б. үйретеді (Есім, 2001).

Ал осы діндердің өсиет-насихаттарына ортақ нәрсе адамдарды адамгершілікке шақыру, олардың қарым-қатынастарын жақсылыққа, игілікке бағыттағандықтан Шыңғысхан да қайбір дінге де аса құрметпен қарады. Бұл әсіресе, Шыңғысхан заманындағы мешіт, шіркеу, храмдардың мемлекеттік салықтан босатып отырғандығынан байқалады.

Шыңғысханның ұстанған діни толеранттылықтың негізінде түрлі дінді халықтарды, түрлі мәдениетті ұлттарды жинап, Мәңгі Аспан астына бір ғана Қағанның қоластына бағындыру үшін жасалған бірлікке шақыру идеясы жатса керек. Өйткені, бірлік идеясы Шыңғысханның арғы аналарынан берілген өсиет еді. Бірліктің қадір-қасиеті туралы таным Алун әжей өсиетінен бастау алады. «Құпия шежіре» мәтініне сүйенсек, мысалы, 19-бапта өзінен туған бес ұлының берекесі кеткенін байқаған Алун әжей оларды көктемнің бір күні қойдың сүрі етіне тойдырып алып, тізілтіп жүресінен отырғызып қойып, қолдарына бір-бір талдан шыбық ұстатып, «сындыр» дейді. Олар бір демде шыбықты опырып тастайды. Сонан соң, тағы да бес шыбық алып біріктіріп буады да, «ал енді сындырындар» дейді. Бірақ, оны ұлдарының қай-қайсысының да сындыруға әлі жетпейді. Сонда анасы: «Егер, сендер жеке-жеке кетсеңдер, мына жалғыз шыбық сияқты бөгде біреулер тез сындырады. Егер, бірлік-ынтымақта болсаңдар, мына бұған шыбық сияқты берік боласыңдар. Сендерге ешкімнің әлі жетпейді» – (Дамдинсүрэн, 1990д:28) дейді. Яғни бұл жерде Алун әжей бірлік ұғымын бір отбасыдан шыққан туысқан аралық ынтымақтан бастап отыр.

Алун ананың айтқан бірлік туралы сөзі шығарманың онан кейінгі 23-37-баптарында бөлінгенді бөрі жеп, бірліктің түбі тірлік екені тіпті нақтылана түседі. Бірлігің болса, бүтін елге билік жүргізесің деген сана 39-бапта Алун ананың бес ұлы бірігіп ұранқайдың бір ауылын бағындыруы арқылы беріледі. Алун ананың осы өсиеті атадан балаға ұласып, жалғасын тауып отырды.

Шежіренің 76-бабында, яғни, арада талай заман өткеннен кейін, Шыңғысханның анасы Өэлүн: «Алун әжейдің бес ұлы сияқты» (Дамдинсүрэн, 1990е:46) – деп жоғарыдағы оқиғаны тәмсіл қып, дауласқан балаларын бірлікке шақырады. Өэлүн Есүхейдің тарап кеткен ұлыстарының басын біріктіру мен басқару міндеті Темүжінге тиесілі екендігін оған ұғындырып, санасына құйып өсірді. Сонымен қатар, осы мақсатқа жету үшін дос-жаранның, көптің күшіне сүйенуді, ол үшін бірліктің қажет екендігін өсиет етті.

Қазақта «бірлік түбі – тірлік», «ырыс алды – ынтымақ», «төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген атам заманнан қалған аталы сөз бар. Демек, бірліктің қадір-қасиетін санасына тоқып өскен Шыңғысхан өміріндегі әйгілі жетістіктерінің негізінде осы бір дүниетанымдық ұстаным жатыр.

Адам болмысының мәнді категориясы ретіндегі толеранттылық әділеттілік ұғымымен тығыз байланысты. Әділеттілік болмаған жерде толеранттылық та орнамайды.

Шежіренің 79-87, 90-93, 205, 206, 211, 214 баптарында Шыңғысхан әрбір нөкер, уәзірлеріне қызмет тағайындап, марапаттау кезінде міндетті түрде оның жасаған жақсылықтарын тілге тиек етіп, тізіп жариялайды. Сондықтан да, Шыңғысхан заманында парақорлықпен әділсіз жолмен қызметке тағайындалып, сый-сияпат көру деген ұғым болмады. Тіпті әділдік танытқан жау тұтқынға да рақымшылық танытып, өзіне жақын тартты. Ал шыбын жаны үшін өз басшысын немесе ел-жұртын сатып, жағымпазданып алдына келген жауын кешірмеді.

Шыңғысханның әділеттілігі туралы бірер мысал келтірсек, шежіренің 147-бабында: «соғыста Шыңғысханның аққұла атының мойын тұсына оқ тиіп жараланып қалады, кейін өзіне оқ атқан кім екенін сұраған кезде Тайшылардан бөлініп келіп қосылған Зұрғадай: «мен едім сізді атқан» деп шынын айтып таң қалдырады. «Жау адамы жауластығы үшін жасырып қалуға тиіс еді. Бұндай әділ адаммен дос болу керек» – деп, атын Жебе атап, өзіне қосып ала-

ды. Кейін Жебе оның ең мықты уәзірі болып, көптеген жетістіктерге жеткізеді (Дамдинсүрэн, 1990ж:94)

Алтын мемлекетімен (Қытай) шайқас кезінде жау қолбасшысы Ван Цзи Моңғол әскеріне қарсы үш күн бойы жалғыз өзі берілместен, қаймықпастан шайқасады. Шыңғыс хан оны тірідей ұстап алдына әкелуге әмір етеді. Алдына келген соң қолбасшыдан неліктен осынша өлімнен қорықпай берілмегенін сұрайды. Сонда Ван Цзи айтады: «Жастайымнан кедей болдым. Содан Алтын елінің мәртебесіне бөленіп қолбасшы болдым. Сондықтан да соғыс алаңында жау қолынан ерлікпен өлсем жақсы атағыма лайық болар едім» – дейді. Сонда Шыңғыс хан: «Мен Алтын еліне келгелі үш жыл бойы сен сияқты адал соғысқан ешкімді көрмедім. Әділетсіздік белең алған, жолын қате тапқан Алтын елінің басшылары, әкесі мен ұлы, ағайындылар, уәзірлер, малай кедейлер бәрі өзара қырқысып жатқанда олардың алдынан өлсең қандай жақсы атақ қалуы мүмкін, не абырой табасың. Жақсы ер тек дұрыс жолмен жүріп, әділдікті паш етіп, болашағы бар елге қызмет жасап, өз халқына қызмет жасай алса ғана оны жақсы ер деп атауға болады. Алтын елінің атақты қолбасшысының қолынан қаза тапқан әскерлерімнің саны шексіз. Жақсы ер болса да, теріс жолмен жүргенің жараспайды» – деп оны босатып, әділдігі үшін марапаттап, барыс алтын мөрі мен екі түмен әскер беріп Шаньсу ауданын басқарып үлкен жетістікке жетуін тілеп тапсырады. Ал Ван Цзи батыр да ханның сенімін ақтап шығады [Injannashi, 2016].

Құпия шежіренің 185-бабында айтылғандай, Керей ұлысын басып алар соғыста Керейдің Қадақ батыры Шыңғыс ханға: «Хан иемді қорғау үшін үш күн соғыстым, хан иемді елден жасырын қашырып жіберген соң сіздерге беріліп тұрмын. Шыбын жаным өз қолыңызда» – дейді. Сонда Шыңғыс хан: «Өз хан иесіне адалдығы үшін бұл азаматпен дос болуға жарайды» – (Дамдинсүрэн, 1990ж:143) деп жазаға тартпайды.

Шыңғыс хан сән-салтанатқа қызықпайтын қарапайым көшпенді болатын. Ол қатігездіктің үлгісі бола отырып, өзінің үзеңгілестеріне жомарттық жасай алатын. Бұл «Құпия шежіреде» «ұлағатты тәртіп» деп айтылады: төмендегілерден бағыныштылық пен адалдық, ал жоғарыдан қорғаныс пен марапат. Шыңғыс ханға бағынбау сатқындық деп бағаланды [Джон Мэн, 2010].

Әділдікті киіз үйдің шаңырағына ұқсатуға болады. Шаңырақсыз үй болмайтыны сияқты

әрбір адам қанша талантты өнерлі болса да, әділ, адал болмайынша адамдық қасиетінен айырылады. Әділдік жоғалса ел, мемлекет те көркейіп, дами алмайды. Шыңғыс хан әділ басқару жүйесін қалыптастырды. Бұл туралы Марко Поло: «Шыңғыс ханның мемлекеттік басқару жасағында әділдік үстемдік құрып, ел-жұрты әділдік шапағаты мен мейірімге бөленіп жатқанын көріп, естіген өзге мемлекеттердің халқы өздері барып қосылып жатты» – [Narangerel, 2014] деген екен.

Жоғарыда айтылған бірлік идеясы мен әділеттілік қағидасын Шыңғыс хан өз өмірінде, ел саясатында негізгі құндылық ретінде ұстанғандықтан діни толеранттықты қалыптастыру есігі өздігінен ашылғандай.

Академик Ш. Бира: «Шыңғыс хан әлемді өз күшімен соңына ертіп, ұлы империя құрып, түрлі мемлекеттерді бір билік астына біріктіре алды. Атты бекет арқылы халықтар арасында түрлі көзқарас, білім, хабар, сауда еркін алмасты. Тарихи тұрғыдан алсақ, Моңғол тәңіршілдігін қазіргі біздің жаһандану көзқарасымен салыстыра қарауға болады» [Bira, 2004] – деп айтқандай, Шыңғысхан хан қазіргі жаһанданудың және діни зайырлы саясаттың негізін қалады деп айтуға негіз бар.

Қорытынды

